



## КӨШ БАСТАЙТЫН ЕЛДЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНЕМІЗ

2

### БӘРЕКЕЛДІ!



## ҚАЗАҚТЫҢ ҚОНАҚЖАЙЛЫҒЫНА ТӘНТІМІН

4

### МӘДЕНИЕТ



## «БАЛАФЕСТ»

фестивалі алматылық  
талай жеткіншектің  
арманына қанат  
байлап берді

6

### МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

# ҰЛТТЫҢ РУХЫ МЕН АЙБАРЫ

Алматыда Мемлекеттік рәміздер күні қандай іс-шаралар өтеді?

**4 МАУСЫМ**  
ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
РӘМІЗДЕРІ КҮНІ!



Қолжазды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Алматыда ҚР Мемлекеттік рәміздері күніне орай түрлі іс-шаралар, соның ішінде мемлекеттік Туды салтанатты түрде көтеру, Әнұранды орындау, автошеру, тақырыптық көрмелер, мерекелік концерт және т.б. жоспарланған.

Сағат 11.00-де «Медеу» биік таулы спорт кешенінің алаңында мемлекеттік Туды көтеру және Әнұранды орындау салтанатты рәсімі өтеді.

15.00-де Әлеуметтік қызметтер үйінде қоғам қайраткерлерінің, тарихшылардың, сарапшылардың, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің және жас

тардың қатысуымен «Көк тудың желбірегені» тақырыбында конференция өтеді.

16.00-де «Алатау» дәстүрлі өнер театрында ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне арналған мерекелік концерт өтеді.

19.00-де Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында Н.Тілендиев атындағы

«Отырар сазы» академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрінің «Менің елім» патриоттық концерті өтеді.

Қаланың барлық аудандарында мерекелік концерттер өтеді:

(Бұл материалдың толық нұсқасын <https://almaty-akshamy.kz> сайтынан оқи аласыздар).

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №45 (6496) 4 маусым, сейсенбі, 2024 жыл. | [www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)



### БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

## ЭВЕРЕСТІ БАҒЫНДЫРҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Мемлекет басшысына әлемдегі ең биік шыңға алып шыққан  
Қазақстан Туын сыйға тартты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға жұмыс сапарымен келіп, бірнеше маңызды кездесулер өткізді.

Президент мегаполиске сапарында альпинист Анар Борашеваны қабылдап, оны әлемдегі ең биік Эверест шыңын қазақ қыздарының арасынан бірінші болып бағындырумен құттықтады.

Президент оның осынау айтулы жетістігі жастарды спортпен шұғылдануға жігерлендіргенін айтты. Мемлекет басшысы спорттың мұндай қиын әрі қауіпті түрімен айналысу үшін асқан ерік-жігер, төзімділік, сондай-ақ психологиялық және физикалық дайындық керек екеніне назар аударды.

Анар Борашева тауға өрмелеумен 2015 жылдан бері айналысып келе жатқанын, ал альпинизмнің қыр-сырын кәсіби түрде кейінгі 4 жыл ішінде меңгергенін айтты. Эверестке дейін ол көптеген шыңды бағындырып үлгерген. Оның ішінде Альпі тауларындағы Монблан шыңы мен Африкадағы ең биік Килиманджаро тауы бар.

Әңгімелесу барысында альпинист алдағы уақытта әлемдегі ең биік жеті шыңды бағындыруды жоспарлап отырғанын жеткізді. Сондай-ақ, ол Мемлекет басшысына Эверест шыңына алып шыққан Қазақстан Туын сыйға тартты.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық спортшылар әртүрлі халықаралық додаларда ел намысын лайықты деңгейде қорғап жүргенін атап өтіп, Анар Борашеваның алдағы уақытта жаңа биіктерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

3

### KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

4.06.2024

Түнде:



**+13+15 °C**  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



**+26+28 °C**  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:**  
0-5 м/с

5.06.2024

Түнде:



**+13+15 °C**  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



**+27+29 °C**  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:**  
0-5 м/с

[www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)





## САРАПТАМА

## КӨШ БАСТАЙТЫН ЕЛДЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНЕМІЗ

Мемлекет басшысы Алматыда жас ғалымдармен кездесті

Мемлекет тарапынан жастарды ғылымға ынталандыру, ғылыми қызметкерлердің әлеуметтік статусын көтеру – мемлекет саясатының басым бағытына айналды. Ғылым саласын үкімет тарапынан қолдау, 2025 жылға қарай ғылымды қаржыландыру көлемі жалпы ішкі өнімнің 1%-ға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Өткен апта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласындағы «Ғылым ордасы» ғимаратында еліміздің жас ғалымдарымен кездесіп, ғалымдар жұмысының басым бағыттарын атап өтті.

Иә, ғылымның әлеуеті мен ықпалы жаһандық сипатта артып келеді. Еліміз халықаралық саясатта табиғи ресурстарға бай мемлекет ретінде танылып келсе, ендігі кезекті ғылыми инновациялық зерттеулер мен ашылымдарға негізделген елге айналмақ. Бүгінде елімізде 22 456 ғылыми қызметкер, зерттеушілер жұмыс істейді. Алдағы уақытта ғылым саласындағы қызметкерлер санын 1,5 есеге арттыру көзделіп отыр. Бүгінгі мақаламызда отандық ғылымның мүмкіндіктері мен даму бағытын талдап көрейік.

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жас ғалымдарға әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету – мемлекеттің міндеті екенін атап өтіп, ғылымның түрлі саласында еселі еңбек етіп жүрген бірнеше азаматқа салтанатты түрде пәтер сертификаттарын табыстады. Бұл өз кезегінде жастарды ғылыми зерттеулерге ынталандыруда маңызды стимул болмақ.**

Халқымызда «Ғылым – сарқылмас қазына» деген ежелден

келе жатқан тәмсіл бар. Қазіргідей өзгермелі кезеңде жаһан жұртшылығының сенері тек ғылым болуда. Кейінгі жылдары жаһандық сипатта орын алып отырған климаттың өзгеруі, баламалы энергия көздерінің жаппай қолданысқа енуі, жасанды интеллектіге негізделген технологиялардың өмірдің барлық саласына кірігуі, «ақылды қалалар» салынуы ғылыми ізденістің нақты жетістіктері екенін білеміз. Ғылыми зерттеулер саласындағы бәсеке өте жылдам жүреді. Сондықтан отандық ғылымның бәсекеге қабілетті болуына мемлекет тарапынан ғылыми зерттеулермен кәсіби негізде айналысып келе жатқан ғалымдарымыздың рөлі өте зор. Себебі, шикізатқа негізделген экономикалық жүйе ескіріп, адам капиталына негізделген, инновациялық әлеуметтік-экономикалық жүйе қалыптасуда.

Мемлекет басшысы әлеуметтік дамудың негізгі тетігі ретінде қоршаған ортаны қорғау, табиғи апаттардың алдын алу, су ресурстарын зерттеу және қоғамда табиғатқа құрметпен қарау құндылығын қалыптастыруға баса назар аударды.



Статистикалық зерттеу мәліметтеріне сәйкес, кейінгі онжылдықтарда табиғат апаттарының саны айтарлықтай өсті. БҰҰ дерегі бойынша, алдағы онжылдықта әлемде жылына 560-қа жуық табиғат апаты болады. Осы орайда ғалымдар ауа райы құбылуының төрттен үш бөлігін климаттың өзгеруімен байланыстырады. Бұл тұрғыда ұтымды ғылыми зерттеулер, қоршаған ортаға құрметпен қарау құндылығын қалыптастыруда ғалымдар мен ғылыми зерттеу институттарының бәсекеге қабілетті болуы өте маңызды.

Президент еліміздегі жастардың әлеуетіне баса назар аударды. Себебі, Қазақстан – халықаралық рейтингтерде халқының жартысына жуығы жастар категориясына жататын 40 жасқа

дейінгі азаматтар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ғылыми зерттеулер саласынан жастардың басым көпшілігі әртүрлі салаларға кеткен еді. Бүгінгі күні «отандық ғалым» бейнесі жасаруда. Себебі, ғылымдағы жастар үлесінің артыруы инновациялық зерттеулердің көбеюіне тікелей ықпал ететін болады.

Еліміз үшін жоғары білікті кадрлар даярлау – адам капиталын қалыптастыруда ең негізгі фактор. Жастарымыз шетелдің үздік жоғары оқу орындарында Қазақстаннан шықпай-ақ білім ала алады. Себебі, елімізде бүгінгі өзінде 12 шетелдік жоғары оқу орнының филиалы ашылды. Олардың ашылуына негізгі екі себеп бар деп білеміз. Біріншіден, отандық ғылым мен жастар әлеуетіне деген

халықаралық ғылым қауымдастығының сенімі болса, екіншіден, еліміздің халықаралық саясатта қалыптасқан жағымды имиджі.

Жас ғалымдарды мемлекет тарапынан кешенді қолдау бойынша жыл сайын арнаулы зерттеу гранттары саны көбейіп, шетелдік тағылымдамалар ұйымдастырылуда. Демек, отандық ғылымның дамуына мемлекет тарапынан толықтай қажетті қолдау көрсетілуде.

**Нұрболат НЫШАНБАЕВ,**  
сарапшы.  
(Дереккөз: Ақ Орда баспасөз қызметі).



## БАЙЫПТАМА

## ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – БАСТЫ БАҒЫТ

немесе ҰҚШҰ Қорғаныс министрлері кеңесі отырысының түйіні қандай?

Биыл Қазақстан – ҰҚШҰ төрағасы. Соның аясында Алматыда 31 мамырда ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің Қорғаныс министрлері кеңесін өткізді. Одан бір күн бұрын Қазақстанның Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов Ресейдің жаңадан тағайындалған әріптесі Андрей Белоусовпен екіжақты кездесу өткізді. Кездесу барысында әскери ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды. Бір қызығы, ортақ көзқарас болғанымен, кейбір мәселелерде басымдық әртүрлі. Ендеше, осы сұрақ төңірегінде ой өрбітсек.

ӘРТАРАПТАНДЫРУҒА  
МҮДДЕЛІ

Астана әскери саланы әртарاپтандыруға мүдделі. Мұны біз БҰҰ аясында бітімгерлік миссияларға қатысуынан көреміз. Мамыр айының соңғы күндері Алматыда еліміздің қорғаныс министрлігі ҰҚШҰ аясында ғана емес, БҰҰ деңгейінде ресми іс-шаралар ұйымдастырды.

31 мамырда Алматыда «Қазақстанның бітімгерлері: Бейбітшілік миссиясы» атты бірінші форум өтті. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Алматыдағы өкілдігінің қолдауымен Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті ұйымдастырды. Форумға БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы миссиясының, Қорғаныс министрлігінің, Бітімгерлік операциялар орталығының, Ұлттық қорғаныс университетінің өкілдері, жоғары оқу орындары әскери кафедраларының басшылары мен тыңдаушылары қатысты.

Әскери ведомствоның ақпаратына сүйенсек, БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек Голан жота-

ларына дербес миссия дайындаған Қазақстанның белсенді бітімгерлік қызметін ерекше атап өткен.

Сонымен қатар, Қазақстан БҰҰ аясында тек өзі ғана емес, тұтас Орталық Азия аймағының мүддесін ескереді. Мысалы, 1 маусымда Қорғаныс министрлігі Бітімгерлік операциялар орталығында «Орталық Азия және БҰҰ бітімгерлігі: ағымдағы қызмет және перспективалар» тақырыбында өңірлік «дөңгелек үстел» өткізді.

БҰҰ-ның Нью-Йорктегі бас кеңсесінің Бітімгерлік операциялар департаментінің өкілі Герберт Лорэт Қазақстанның бітімгерлік операцияларға қатысу үшін өз контингенттерін жіберетін елдермен өзара іс-қимыл жасаудағы қызметін оң бағалады. Сондай-ақ, осы іс-шара Орталық Азия аймағының бітімгерлік миссияға атсалысуына оң әсер ететініне сенім білдірді.

БҰҰ-ның халықаралық бітімгерлер күніне орайластырылған іс-шараға Қазақстан мен Тәжікстан қорғаныс ведомстволарының, Біріккен Ұлттар Ұйымының, «БҰҰ-әйелдер» құрылымы кеңсесінің, Халықаралық Қызыл Крест комитетінің және отандық жоғары оқу



(Сурет ҚР Қорғаныс министрлігінен алынды).

орындарының өкілдері қатысты. Қазақстан мен Тәжікстан ҰҚШҰ-ға мүше мемлекет екені белгілі. Ал өзге елдердің өкілдері бұл іс-шараға қатыспауы кейбір сұрақтарды тудыруы мүмкін.

ЫНТЫМАҚТАСҚАН  
ҰТАДЫ

30 мамырда Қазақстанның Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов пен Ресейдің Қорғаныс министрі Андрей Белоусов кездесу өткізді. Кездесу барысында екіжақты әскери ынтымақтастықтың өзекті аспектілерін талқылап, кадр дайындау және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымы шеңберіндегі оқу-жаттығулар, бірлескен іс-шараларды өткізу мәселелерін қозғады. Бұл біздің әскери ведомство берген ақпарат.

Ресейдің ведомствосы берген ақпаратқа сүйенсек, Андрей Белоусов екіжақты ғана емес, Орталық

Азия аймағының қауіпсіздігі мәселесін де көтерген. Бұл Мәскеудің Орталық Азиямен байланысында ҰҚШҰ-ға ерекше мән беретінін білдіреді. Ал АҚШ, ЕО, Қытай, Германия сияқты әлемдік ойыншылар «Орталық Азия+» форматына мән беруде. Бірақ бұл Ресей+Орталық Азия форматы өміршен емес дегені емес. Басымдық ҰҚШҰ форматына беріліп отыр. Демек, алдағы уақытта Мәскеу Орталық Азиямен байланысты ҰҚШҰ, ШЫҰ сияқты ұйымдар аясында қауіпсіздік мәселелері бойынша әріптестікке мән бермек.

Ал Қазақстан әртараптанған салалық байланысты қолдайды. Мұны Руслан Жақсылықовтың әріптесіне айтқан сөздерінен байқауға болады: «...өңірлік ұйымдар аясындағы өзара іс-қимыл туралы да сөз болды. 2024 жылы Қазақстан ҰҚШҰ мен ШЫҰ-ға, ал Ресей ТМД-ға төрағалық етеді. Тараптар мемлекетара-

лық бірлестіктердегі ынтымақтастық өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді», делінген қазақстандық қорғаныс ведомствосының ақпаратында.

Бұдан бөлек, Руслан Жақсылықов ресейлік әріптесіне биыл шілде айында Қазақстанның батысында «Бірлестік» оқу-жаттығуы өтетінін айтқан. Оған Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан әскери контингенттері қатысады. Әзербайжан ҰҚШҰ-ға мүше еместігін ескерсек, әскери салада да әртараптандыру саясаты жүзеге асып жатқанын байқауға болады. Мұның бәрі еліміз сыртқы саясатты ұлттық мүддеге сай жүргізетінін көрсетеді.

Сонымен қатар, 31 мамырда Алматыда ҰҚШҰ Қорғаныс министрлері кеңесінің отырысы өтті. Жиынға Армения тарапы қатыспады. Оған Таулы Қарабақ соғысында ұйым тарапынан қолдау таппауы себеп болуы мүмкін. Тіпті, алдағы уақытта ұйымға мүшелік мәселесінде де нақты шешім қабылдауы ықтимал.

Армения тарапы қатыспаса да, Қорғаныс министрлері бірқатар құжатқа қол қойды. Олар ҰҚШҰ-ның ұжымдық күштерін бірлесіп даярлауды жоспарлау, заманауи қару-жарақ үлгілерімен, әскери және арнайы техникамен жабдықтау төңірегінде болды.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**  
сарапшы.







ЖҰМЫС САПАРЛАРЫ

# АЛМАТЫ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

## Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мегаполиске жұмыс сапарымен келді

Алматы – еліміздің экономикалық дамуының қозғаушы күші және көшбасшысы. Мегаполис экономикасы жыл санап қарқынды түрде өсіп келеді. Шырайы келіскен шаһар, сондай-ақ, әдебиеттің, мәдениеттің, руханияттың ошағы. Өткен аптада Мемлекет басшысы ару қаламызға жұмыс сапарымен келіп, бірқатар ресми кездесулер өткізді. Жас ғалымдармен, балалармен де жүздесті.

### ЖАҢАНЫҢ АТЫ – ЖАҢА

Президенттің мегаполиске жұмыс сапары қала әуежайының жаңа VIP-терминалын аралап көруден басталды. Мемлекет басшысына терминалдың ашылуы қарсаңында құрылыстың қалай жүргізілгені жөнінде баяндалып, жолаушыларды тіркеу, шекара және кедендік бақылау аймақтары, жүк бөлімі таныстырылды.

Президенттің мегаполиске жұмыс сапары қала әуежайының жаңа VIP-терминалын аралап көруден басталды. Мемлекет басшысына терминалдың ашылуы қарсаңында құрылыстың қалай жүргізілгені жөнінде баяндалып, жолаушыларды тіркеу, шекара және кедендік бақылау аймақтары, жүк бөлімі таныстырылды.

«Алматы халықаралық әуежайы» АҚ президенті Альп Эр Тунга Эрсой сейсмикалық және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып салынған терминал магнитудасы 10 балға дейінгі жер сілкінісіне төтеп бере алатынын айтты. Ғимараттың жалпы ауданы 53,5 мың шаршы метрді құрайды, жылына 14 млн жолаушыға қызмет көрсете алады.

Жаңа терминал Орталық Азияда бірінші болып Excellence in Design for Greater Efficiencies (EDGE) бағдарламасы бойынша сертификат алады. Жолаушылар мен авиакомпаниялар санының өсуін ескере отырып, 50 тіркеу бағаны жұмыс істейтін болады. Ол үшін жаңа жабдықтар сатып алынған. Терминалда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін толықтай жағдай жасалған.

Бұдан кейін Президент әуежайдың жаңа VIP-терминалын аралап көрді. Мемлекет басшысы қала және ел туралы алғашқы әсер әуежайдан қалыптасатынын атап өтті.

– Алматы халықаралық әуежайы – еліміздегі ең ірі әуе айлағы. Оңтүстік астанамызды тамашалайтын туристер саны жыл сайын артып келеді. Былтыр қалаға 2 миллионнан астам турист келіп-кеткен. Осыдан екі жыл бұрын құрылыс орнына капсула салу рәсіміне қатысып едім. Енді, міне, Алматы халықаралық әуежайының жаңа терминалы алғашқы рейстерге қызмет көрсетпек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент терминал құрылысын халықаралық стандарттарға сай жүргізгені үшін TAV GROUP компаниясына, сондай-ақ Алматы үшін осындай маңызды жобаға атсалысқан кредиторлар кондорциумы – Еуропалық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық қаржы корпорациясына және Еуразиялық даму банкіне алғыс айтты.

### ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблея Кеңесінің отырысына қатысушылармен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы заң шығару органдарының спикерлеріне ілтипат білдіре отырып, Ресейдің ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясына тұрақты мәртебе беру туралы ұсынысын қолдайтынын айтты. Президент басқа елдердің делегацияларын осы бастаманы қолдауға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев парламентаралық диалог мемлекетаралық байланыстарды нығайту ісінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Бүгінгі кездесу халықаралық ахуал тым шиеленіскен жағдайда өтіп отыр. Геосаяси текетірес өршіген кезде өңірлік қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатердің ауқымы да айтарлықтай өзерді. Әлемдегі қақтығыс қауіпті деңгейге жетті. Әсіресе, Таяу Шығыстағы ахуал қатты алаңдатады. Газа секторында күн сайын жүздеген адам қаза тауып, жарақат алып жатыр. Олардың арасында қарапайым азаматтар, әйелдер мен балалар бар. Миллионнан астам бейбіт тұрғын қиын жағдайға тап болды. Барлық негізгі халықаралық ұйымдар Палестинадағы гуманитарлық ахуалды мүжілкі деп атады. Шын мәнінде, апатты жағдай шегіне жетуге таяп қалды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы бұл мәселеде Қазақстан өз ұстанымынан ешқашан айнымайтынын тағы да растады. Оның айтуынша, ұзақ жылға



созылған қақтығыстың жалғыз шешімі – «кос халық үшін екі мемлекет» формуласы негізінде астанасын Шығыс Иерусалим деп белгілеп, Палестина мемлекетін құру. Сонымен қатар, Президент палестиналықтардың Ұйымға мүше болу құқығын мойындау туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының биыл 10 мамырда қабылдаған қарарын құптады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиында Ауғанстандағы жағдайға айрықша тоқталды. Президенттің пікірінше, қазіргі кезеңдегі стратегиялық міндеттердің бірі – Ауғанстандағы өңіраралық байланыстарға белсенді тарту.

– Қазақстан тәлімгер режимін террорлық ұйымдар тізімінен алып тастады. Өйткені, қазіргі Ауғанстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту маңызды әрі бүгінгі режим ұзақмерзімді фактор болады деп ойлаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бұл мәселеде ҰҚШҰ-ға мүше елдердің өзара келісілген ұстанымы болуы керек екеніне назар аударып, Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталық құру туралы Қазақстанның бастамасын қолдауға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның сын-қатерлеріне қарсы әрекет ету жүйесін жетілдіру қажет екенін ескере отырып, ҰҚШҰ күш-жігерін ұйым жарғысына сәйкес мүше-мемлекеттер үшін барынша өзекті әрі тиісті жұмыс бағыттарына жұмылдыруды ұсынды. Қазақстан аталған міндеттерді Ұйымға төрағалық ету кезеңінде басым бағыт ретінде белгіледі.

Атап айтқанда, Президент террорлық қауіп-қатермен күресу және ҰҚШҰ-ға мүше елдер азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пәрменді шаралар қабылдау қажет деп санайды.

ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік күштері мен құралдарының дайындық деңгейі әрдайым жоғары болуға тиіс. Мемлекет басшысы мұны тағы бір маңызды басымдық деп атады.

– Ұйым төрағасы ретінде ҰҚШҰ-ның басқару органдарының, сондай-ақ күштері мен құралдары құрылымдарының жедел және әскери дайындығын күшейту үшін бірлескен іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруға айрықша мән береміз. Биыл күзде Қазақстан аумағында «Мызғымас бауырластық-2024» және «Жартас-2024» оқу-жаттығу жиындарын өткізуге белсенді әзірленіп жатырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою жөніндегі ынтымақтастықты Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы кезінде басымдық берілетін бағыт ретінде атап өтті.

– Өңіріміздегі су тасқынына байланысты қалыптасқан жағдай табиғат апатының қауіп қаншалықты зор екенін көрсетті. Қазақстанға оның салдары оңай тимеді. Осы мүмкіндікті пайдаланып, еліміздегі су тасқыны кезінде тілеулестік білдіріп, көмек көрсеткені үшін мемлекеттерімізге ризашылығымды білдіремін. Біз бұл қолдауды жоғары бағалаймыз, – деді Президент.

Қазақстан ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында

қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін халықаралық ұйымдармен және құрылымдармен ықпалдастықты нығайтуға ниетті.

– БҰҰ, ТМД және ШЫҰ-ның салалық құрылымдарымен ынтымақтастықты кеңейту аса маңызды деп санаймыз. Биыл қаңтар айында ҰҚШҰ Хатшылығы мен ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол

қойылды. Біз мұны құптаймыз, – деді Президент.

Одан кейін Мемлекет басшысы спикерлерге Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар қоғамның барлық саласын, соның ішінде саясат, экономика және идеология бағыттарын жүйелі түрде жаңғыртуды көздейтінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономика саласына тоқтала келіп, еліміздің ЖІӨ көлемі 265 миллиард долларға жеткенін мәлімдеді.

– 2023 жылы шетелден 23 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тартылды. Еліміздің халықаралық резервтері 100 миллиард долларға жуықтады. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша биыл Қазақстанның жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі 13 пайызға өсіп, шамамен 15 миллиард долларды құрауға тиіс. Жақында мен кәсіпкерлік еркіндік пен бәсекелестіктің дамуын қамтамасыз ету, мемлекеттің экономикадағы үлесін қысқарту және бизнес шығындарын азайту арқылы экономиканы ырықтандыруға негіз қалайтын Жарлыққа қол қойдым. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтарды декриминализациялау арқысында бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісі айтарлықтай күшейді, – деді Президент.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ елдерімен арадағы сауда-саттықтың қарқынды өсіп келе жатқанына көңілі толатынын жеткізді.

– Былтыр Қазақстан мен Ресейдің сауда көлемі 26 миллиард долларға жетті. Ал Қырғызстанмен арадағы сауда айналымы 1 миллиард 571 миллион долларды, Тәжікстанмен 1 миллиард 130 миллион долларды, Беларусьпен 912 миллион долларды құрады, – деді Президент.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблея Кеңесінің отырысы Ұйымға мүше әр елдің мүддесін ескере отырып, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын ілгерілетуге және өзара үйлестіруге елеулі үлес қосатынын атап өтті. Сондай-ақ, Кеңес қабылдайтын құжаттар ҰҚШҰ-ны одан әрі дамытуға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Сонымен қатар, кездесу барысында ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының Төрағасы – Ресей Мемлекеттік думасының Төрағасы Вячеслав Володин, Беларусь Республикасы Ұлттық жиналысы өкілдері Палатасының Төрағасы Игорь Сергеев, Тәжікстан Республикасының Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы Рустам Эмомали сөз сөйледі.

### «ЖАСЫЛ АЛМАТЫ» СЕНІМНЕН ШЫҒАДЫ

Мемлекет басшысы эколог, ЕСО Network жобасының жетекшісі Евгений Мұхамеджановты қабылдады. Кездесу барысында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған орта проблемаларын шешу ісіне азаматтарды, үкіметтік емес ұйымдар мен бизнесті кеңінен тарту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Евгений Мұхамеджановтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ЕСО Network жобасын оң бағалады. Мемлекет басшысы, ең алдымен, адамның мәдениетін, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын қалыптастыруды, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтарды бөлек сұрыптау және қайта өңдеуді көздейтін «Экохаб», «Жасыл кеңсе», «Жасыл мектеп» бағыттары экотеде-

ниетті дәріптеудің тиімді тетігі ретінде жаппай таратуға лайық тәжірибе екенін атап өтті.

Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, қазірдің өзінде ЕСО Network жобасына Қазақстан бойынша жүздеген компания мен оқу орындары қосылған. Олар бизнес процестеріне экостандарттарды енгізіп, экономиканы декарбонизациялау үдерісіне елеулі үлес қосып жатыр.

Президент экологтың бастамалары жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиясымен үндес екеніне назар аударды.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Евгений Мұхамеджановтың «Жасыл Алматы» жобалық кеңсесінің жетекшісі ретінде шаһардың экологиялық мәселелерін шешудің тиімді әрі креативті тәсілдерін жүзеге асыратынына сенім білдірді.

### АЛМАТЫ ҚОНАҚҮЙІ ЖАҢАРАДЫ

Алматы сапарында Қасым-Жомарт Тоқаев Orbis Kazakhstan компаниялар тобының негізін қалаушы Фаррух Махмудовты қабылдады. Мемлекет басшысына Orbis Kazakhstan компаниясы жұмысының нәтижелері мен даму перспективалары жөнінде мәлімет берілді.

Атап айтқанда, Фаррух Махмудов Алматы индустриялық паркінде толық циклді автомобиль зауытын салу жоспары жайында баяндады. Жоба аясында ҚХР-дың Eceed және Kaiyi секілді брендтері бір өндіріс алаңында бірігеді. Қытайлық серіктестермен көлікті ұсақ бөлшектерден құрастыру туралы толыққанды келісім жасалған. Бұл жобаға салынған инвестицияның жалпы көлемі – 72 миллиард теңге. Бастапқы кезеңде 1500 жаңа жұмыс орны ашылады. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 80 мың автомобиль шығаруға жетеді. Өнім ішкі және сыртқы нарықта сатылады, соның ішінде Орталық Азия мен Кавказ аймағы елдеріне экспортталады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның Астана қаласындағы инфрақұрылымдарды дамыту ісіне қатысуы жөнінде мәлімет берілді. Биыл кәсіпорын сауда-базар кешенін салып бітіруді және көпбейінді медициналық клиника құрылысын бастауды, сондай-ақ Agro Park көтерме сауда және тауар тарату орталығының құрылысына кірісуді жоспарлап отыр.

Бұдан бөлек, компаниялар тобы Алматының туризм кластерін дамытуға қатысты бірқатар жобаны жүзеге асырып жатыр. Нақтырақ айтқанда, оңтүстік астананың символы әрі тарихи ғимараты саналатын Алматы қонақүйіне реконструкция жасау жұмыстары басталған. «Просвешенец» рекреациялық орталығы мен Қонаев қаласындағы көпфункционалды демалыс орталығының құрылысы жүргізілуде.

Фаррух Махмудов отандық бизнеске ұдайы қолдау көрсететіні үшін Президентке алғыс айтты.

Akorda.kz деректері бойынша әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕБА.



## ӘКІМ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні 1931–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.



## САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: зерттеу мен зерделеуді қажет етеді

Досбол  
АТАЖАН

Іс-шара «Қарағайлы» скверінде өтіп, Қазақстанның жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары қауымдастығының, «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамының басшылары мен 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Жұмат Шаниннің немересі Райхан Шанина сөз сөйледі. Гүл қою рәсіміне қуғын-сүргінге ұшыраған жандардың ұрпақтары, қала халқы, 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар мен жастар ұйымдарының өкілдері де қатысты. Қатысушылар қуғын-сүргінге ұшырағандарды бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

— Бүгін тарихымыздағы ең қаралы күндерді еске алып отырмыз. Қуғын-сүргін дегенде көбіне біз 1937–1938 жылдарды айтамыз. Ол дұрыс емес. Өйткені, отар елдің тарихы қашан да қанмен жазылған. Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет, Амангелді — бұл тұлғалар қуғындалған жоқ па сонда? Біз тарихи өрісімізді кеңейтіп, бүкіл отарлық-тоталитарлық дәуірді қуғын-сүргін тоны деп есептеуіміз. Қазір осы мәселеге бетіміз бұрылып жатыр, комиссия жұмыс істеді. Комиссияның ізденістері 51 том болып жарияланды. Әлі 20 том болып жарияланады. Бұрын түсімізге де кірмеген құжаттарды қолымызға ұстадық. Қасірет әкеге де, анаға да, балаға да түскен екен. Оған төтеп берген қазақ деген халық өлген жоқ. Өлсе де, тірілді, — деді тарихшы Хангелді Әбжанов.

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні Қазақстанда 1997 жылдан бері аталып келеді. Өткен ғасырдың бірінші жартысында 100 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Олардың ішінде Қазақстанның көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин және т.б. бар.

Бұл күні қалада конференция, «дөңгелек үстел», тарихи-ағартушылық дәріс, театрландырылған қойылым, кітапханалардағы фото және кітап көрмесі, жастардың зиялы қауым өкілдерімен кездесуі сынды түрлі еске алуға арналған іс-шаралар өтті.

## КӨРМЕ

## «Азалы тарихқа айрықша тағзым»

Алматы музейінде көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың, белгілі жазушылар, қазақтың үш бәйтерегі — Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Азалы тарихқа айрықша тағзым» атты көрмесі ашылды.



Көрмеде музей қорындағы фотосуреттер, мұрағаттық құжаттар, сол жылдарға тән заттай айғақтар, көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың, Темірбек Жүргеновтің, белгілі жазушылар Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің, т.б. тергеу ісі құжаттары мен Мансұр Ғатаулиннің кілемшесі, пеналы, Сұлтанбек Қожановтың қойын дәптері, Ықылас Каренеевтің жеке мөрі мен АЛЖИР-де отырған әйелдердің қолдан жасаған тасбиғи (ұн, тұз, судан жасалған) және олардың балаларына арнап тоқыған кесте бұйымдары қойылған. Көрме 14 маусымға дейін жалғасады.

Оқу бағдарламаларында, мектеп пен университеттерде ауызша айту бөлек, ұлт қайраткерлерінің еңбектерін осындай көрмелерден көрген бөлек болады. Сондықтан мұндай көрмелердің мақсаты — саналы ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені, олар көзбен архив құжаттарын көреді. Зиялылар қолданған заттары көргенде кез келген адам бейжай қалмайды. Жапония, Оңтүстік Корея, Қытайда оқушылар мен студенттер өз елінің тарихына қатысты көрмелерге келіп тұ-

рады, бұл — міндеттелген. Бізде осындай мәдениетке қол жеткізуіміз керек, — деді Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған қауымдастықтың Алматы қаласы бойынша төрағасы Бауыржан Иманғалиев.

Айта кеткен жөн, кеңестік репрессия кезінде 1937–1938 жылдары көптеген азаматтар, танымал қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері түгелге жуық жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың отбасы мүшелері де жазықсыз қудалау көрді. Ресми деректерге сәйкес, Қазақстанда 100 мыңнан аса адам қуғын-сүргінге ұшырап, олардан 25 мың адам ату жазасына кесілген. Олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сейітқали Меңдешов, Нығмет Нұрмақов, Санжар Асфендияров, Темірбек Жүргенов, Тұрар Рысқұлов, Мағжан Жұмабаев, Абдулла Розыбакиев және т.б. бар.

## «ҚАЗАҚТЫҢ ҚОНАҚЖАЙЛЫҒЫНА ТӘНТІМІН»

Алматы әуежайы жаңа халықаралық жолаушылар терминалында алғашқы жолаушыларын қарсы алды

Алматы халықаралық әуежайы маусымның бірінші күні жаңа халықаралық жолаушылар терминалында алғашқы жолаушыларын қарсы алды. Air Astana әуе компаниясының KC664 Лондон–Алматы рейсі сағат 08.40-та әуежайға келіп қонды.

Естай  
БОЖАН

Ұшақ бортындағы 94 жолаушы жаңа халықаралық терминалдың алғаш қабылдаған жолаушылар болды. Ал 40 минуттан кейін, сағат 09.30-да жаңа терминалдан 166 жолаушы Алматы–Доха бағытында аттанды. Бұл ұлттық әуе компаниясының KC653 рейсі арқылы жүзеге асты. Осылайша АХӘ-нің жаңа терминалы алғашқы рейстерін күтіп алды және шығарып салды.

KC664 Лондон–Алматы рейсімен келген алғашқы жолаушыларды Алматы қаласы әкімдігінің, Алматы халықаралық әуежайының және Air Astana ұлттық әуе компаниясының басшылығы қарсы алды.

Алматы әуежайының президенті Алып Ер Тунга Ерсой атаулы сәтке байланысты пікірмен бөлісіп: «Сапарымыз екі жыл бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңа халықаралық жолаушылар терминалы құрылысының басталуына орай өз қолымен капсула қойған кезде басталған болатын. Ал бүгін, 2024 жылдың 1 маусымында, біз уәде еткендей, жаңа терминалда алғашқы рейстерді қарсы алғалы тұрмыз. Бүгінгі күні жаңа терминалда 5 ұшып-қону және 4 ұшу рейсі жоспарланған. Барлық халықаралық рейстерді ағымдағы мерзімнен жаңасына кезең-кезеңімен көшіру жоспарлануда. Бұл барлық операциялық жүйелерді біркелкі



біріктіруге арналған халықаралық тәжірибе. Жаңа терминалға халықаралық рейстерді толығымен ауыстыру маусым айының бірінші онкүндігінде жүзеге асатын болады», — деді.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров қала тұрғындары мен қонақтарын жаңа терминалдың ашылуымен құттықтады. Ол сөзінде: «Енді қаланың әуе айлағы жылына 14 миллионға дейін, яғни бұрынғыдан екі есе көп жолаушыны қабылдай алады. Биылдың өзінде жолаушылар тасымалы 11 миллион адамға дейін артады деп күтудеміз. Алматыда әлемнің 82 елімен 41 тікелей рейс және визасыз режим бар екенін ескерсек, халықаралық жолаушылар терминалының ашылуы сынды оқиға әуежай тарихындағы жаңа белес деуге әбден болады», — деп атап өтті.

Қала үшін атаулы күні алғашқы болып ұшып келген жолаушыларын Алматы халықаралық әуежайы қала дәмінен, ұлттық тағамдармен және ұлт аспаптарының көркем

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлан МЫРЗАҒҰЛ, жолаушы:

БӘРІ ӘДЕМІ

Отбасылық достарымызбен Қатарға алғаш рет ұшып бара жатырмыз. Бұл сапарымыз сәтін салып жаңа терминалдың ашылуымен тұспа-тұс келіпті. Шынында сәттілікке балап, қуанып тұрмын. Жаңа терминал өте әдемі екенін көріп тұрмын, кезектер жоқ, дизайны да үйлескен, иетелде, Еуропада көріп жүргендей. Маған бәрі ұнады, қызметкерлер де сыпайы, жақсы қарсы алып, сапарымызға сәттілік тілеп жатыр. Алматы әуежайының осылай заманауи келбетке ие болғаны үшін қуаныштымыз.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.





ЗАҢҒЕРЛІК КЕҢЕС

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

# АПАТТЫ АҒАШТАР КЕСІЛЕДІ

оның орнына жас көшеттер отырғызылады

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Алматыда көппәтерлі тұрғын үйлердің аумақтарында апатты ағаштарды кесу жоспарлануда.



Айнабай  
МӘДИ

Ағымдағы жылдың 29 мамырынан 29 маусымына дейін халықтың жалғыз тұратын, сондай-ақ әлеуметтік осал топтарының ЖТҚ аулаларында ағаштарды санитарлық кесуді жүргізу жоспарлануда. Акция кезінде ҰОС ардагерлері, жалғызбасты зейнеткерлер, 1, 2-топтағы мүгедектері бар адамдар, кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналар қамтылады. Бұл іс-шараны қала әкімдіктері ағаштарды санитарлық кесу қажеттілігін алдын ала зерттегеннен кейін іске асыратын болады. ХӨОТ-тен ағаштарды санитарлық кесу жөніндегі өтінім Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында, тел.: 338-30-24 бойынша қабылданады.

– Бүгін «Достық» ықшамауданындағы Серегин көшесі, 71-үй алаңындағы апаттық ағашты санитарлық ретпен кесілуде. Бұл ағаш инженерлік жүйеге, атап айтқанда, газ желісіне кедергі келтіріп тұрған болатын. Бұл үйде мүгедектері бар кісі тұрады. 29 маусымға дейінгі бір ай ішінде қалалық Жұмыспен қамту орталығына ХӨОТ категориясына жататын тұрғындар тарапынан тапсырыс берілсе, бұл мәселе аудан аумақтары бойынша барынша жедел атқарылатынын қала тұрғындарына құлаққағыс еткіміз келеді. Акция аясында әлі уақыт барын еске саламыз.

Әлбетте, әуелі әлгі ағаштың жай-күйі бірнеше рет тексерістен өткізіледі. Сонымен қатар, өз тарапымыздан да инженерлік жүйеге кесіріп тигізіп тұрған, қисайған ағаштарды кесуге шешім қабылдайтын кезіміз бар, – дейді Әуезов ауданы бойынша көркейтту бөлімінің бас маманы Ертай Құрманғалиев.



Айта кетерлігі, ауа райының қолайсыздығынан құлау қаупі бар апатты ағаштарды бұзу жұмысы Алматыда айрықша бақылануда. Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің, Ботаника және фитоинтродукция институтының сарапшыларымен, ғылыми қызметкерлерімен бірлесіп, тұрақты негізде ағаштардың жай-күйіне мониторинг жүргізеді. Ауру, өзегі құрғаған, сондай-ақ, майысып, қауіп төндірген ағаштар апатты саналып, кесуге жатқызылады. Жазатайым оқиғаны болдырмау, алдын алу, қарастыру, ағаш кесу жөнінде шешім жалпыға бірдей қорытындыдан соң қабылданады.

«Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен қолға алынған акция ойдағыдай жүруде. Осы орайда акцияға аса мән берген аудан әкімдігіне, қалалық Жұмыспен қамту орталығына алғыс айта отырып, өз ісімізге мұқият кірісудеміз. Осы ретте акцияда ХӨОТ категориясына жататын тұрғындарға айрықша көңіл бөлінген. Тап бүгін мүгедек кісінің (баласы сал ауруына ұшыраған) алаңындағы апаттық ағаш санитарлық жолмен кесілуде. Тапсырыс көп. Кезегімен іске кірісудеміз», – дейді «Достық», «Алтын бесік», «Ақсай» ықшамаудандары бойынша жергілікті өзін-өзі басқару комитетінің төрағасы Ершат Баратов.

КЕРЕК ДЕРЕК

Тізілімге сәйкес, бұрнағы жылы 84 мыңнан астам апаттық ағашқа (соның ішінде көше бойында – 35 мың, аула аумағында – 49 мың бірлік) қатысты мәселені шешу үшін 2022–2026 жылдар аралығында жас көшеттерді кезек-кезеңімен отырғызу, ауыстырумен байланысты арнайы бағдарлама қабылданды.

Кесілген ағаштардың орнына 50 мың қатты ағаш көшетін ортақ пайдаланылатын жерлерде өтемдік отырғызу жүзеге асады. 2023 жылы 17 мың апатты ағашты бұзу есебінен 173 мың ағаш пен бұтаны өтемдік отырғызу жұмысы жүргізілді. Биыл аудан әкімдіктері 16 925 апатты ағаш пен бұталарды кесуді жоспарлады.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы Мемлекет басшысының тапсырмасымен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру мен көгалдандыру шаруасына қатысты іске асырылады. Бұл – қоршаған ортаға ұқыпты қарау құндылығын қалыптастыруға, жұртшылық арасында жоғары азаматтық жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге бағытталған шаралар.

## Тұтынушы өз құқығын білуге тиіс

Алматы қаласының Әуезов ауданындағы «Сарыарқа» базарында «Сапалы өнім» және жаңа заң жобаларының нормаларын түсіндіру бойынша жылжымалы мобильді заң қызметінің жұмысы ұйымдастырылды.



Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

Мақсат – тұрғындарға тұтынушылық құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заңгерлік кеңестер беру.

Жылжымалы мобильді заң қызметінің мүшелері түсіндіру іс-шарасы барысында «Сапалы өнім» жобасының басты міндеті ішкі нарықта азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жаңа заң жобасы қоғамның өмір сүру сапасын арттыруға, тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелерінде үкіметтік емес институттардың рөлін күшейтуге бағытталғанын айтты. Өз кезегінде базар тұтынушылары да көкейдегі сұрақтарын қойып, пікірлерімен бөлісті.

– Бұл жоба Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде, сондай-ақ Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің бағыт беруімен жүзеге асырылуда. Мобильді заң қызметінің өкілдері ай сайын қаланың әр ауданындағы базарлар мен сауда орталықтарында болып, халыққа тұтынушылық құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заңгерлік кеңестер береді, – дейді жоба жетекшісі, халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қорының президенті Жаңыл Әпетова.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

## ҮМІТІҢ ҮЗІЛМЕСІН

Әйел кәсіпкерлерге арналған жаңа бағдарлама басталады

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әйелдердің бизнесін қаржыландыратын жаңа бағдарламаға 10 миллиард теңге бөлді.



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Үміт» бағдарламасы кәсіпкерлерге бизнесті дамыту үшін мол мүмкіндіктер ұсынады. Бағдарламаны іске қосу үшін бөлінген бастапқы қаражат – 10 миллиард теңге. Бұл бағдарлама аясында Қазақстанның барлық өңірі, соның ішінде ауыл, шағын және моно қалалардағы кәсіпкер әйелдер екінші деңгейлі банктер арқылы несиеленеді. Инвестиция және айналым қаражатын толықтыруға берілетін несиенің максимал мерзімі – 84 айға дейін, шекті сомасы 100 миллион теңге.

Қолдау экономиканың барлық секторларын қамтиды. Тек қаржы және сақтандыру саласы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар және көтерме-бөлшек сауда ғана кірмейді.

Сондай-ақ, бағдарлама аясында аруларға «Даму» Қоры Еуропа қайта құру және даму банкімен (EBRD) әріптестігі аясында

тегін оқу курстары мен тренингтер ұсынады. Бұл халықаралық ұйыммен бірлескен бағдарлама кәсіпкер әйелдерге бизнесті басқару және нарықтағы табысты бәсекелестік үшін қажетті кәсіби машық, білім мен құралдарға ие болуға мүмкіндік береді.

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шаралары әйелдер басқаратын кәсіпорындар санын жыл өткен сайын арттыратынын атап өткен жөн. Бұл туралы «Даму» Қорының Басқарма төрайымы Гаухар Бурибаева: «Үкімет Қазақстандағы шағын және орта бизнесті, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға көп көңіл бөледі. Шағын және орта бизнес иелері құрылымындағы әйел кәсіпкерлердің үлесі «Даму» Қоры қолдаған жобалардың жалпы санының 47%-ына жетті. Қор жұмыс істей бастаған уақыттан бері әйел кәсіпкерлердің 96 мың жобасына 2893 млрд теңге сомасында қолдау көрсетті. Бизнесітегі арулар бизнес-идеяларын жүзеге асыру, компаниясын дамыту мен жаңа жұмыс орындарын ашу үшін берілген мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланатыны қуантады», – деп мәлімдеді.

«Даму» Қоры – Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытуды көздейтін мемлекеттік қолдау құралдарын жүзеге асыратын қаржы агенттігі. Қордың жалғыз акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.

«АЛМАТЫБАСЖОСПАР»

## Қоғамдық көлік қызметі көңілден шыға ма?

Алматыдағы «Бас жоспар» ғимаратының мәжіліс залында қалалық қоғамдық транспорт желісі мен цифрлық технологияны қолдану интеграциясы бойынша ұлттық семинар өтті.

Ұлттық семинарға алыс-жақын елдерден саланың білікті мамандары қатысты. Семинарға БҰҰ ЭСКАТО транспорт бөлімінің өкілдері Мадан Б. Регми, Чангжу Ли мырзалар, т.б. саланың майын ішкен мамандар қатысып, баяндама жасап, ой-пікірлерін ортаға салды. Алматы қалалық Мобильділік басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Құмарғазин құттықтау сөзін арнады.

«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ басқарма төрағасы Андрей Шовкоплясты әңгімеге тартқанымызда ол былай деді: «Семинарда БҰҰ ЭСКАТО Орта Азия мен Тынық мұхит аймағы комиссиясымен бірге еліміздегі, сондай-ақ Алматы қаласындағы транспорт саласының дамуын талқыладық. Мұның өзі агломерациясымен тығыз байланысты. Басқарылатын урбанизация мәселелері де назардан тыс қалмады. Аталған маңызды мәселеге қатысты былтыр қарашада Алматының әкімдігімен, салалық ұйымдарымен келісімге келген болатынбыз. Өйткені, бұл – Алматы дамытудың басым бағытының бірі», – деді.

Семинар өткізудің басты мақсаты – тәжі-



рибе алмасу. Зерттеулердің нәтижесі де назарға алынды. «Алматыдағы транспорт саласының қызмет сапасы қанағаттанарлық деңгейде», – деп бағалайды мамандар.

Мәселен, транспортты күту аралығы. Қаламызға 2 мыңнан астам жаңа автобус, троллейбустар сатып алынды. Осы арқылы да мәселелер шешілуде. Қала транспорттағы жаңа бағыттардың қосылуы да жаңа міндеттер жүктеп отыр. Транспорт қаркасын шешуге бұл да үлесін қосуда. Қаламыздағы транспорт мәселесіндегі проблемаға қатысты сауалнамада жауап бергендердің 50 пайыздан астамы қолдап, қуаттап отыр. Осының өзі белгілі бір деңгейде шаһар транспорттық жұмыс сапасының оң нәтижесін аңғартады.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



## АЙНАЛАЙЫН!



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## «БАЛАФЕСТ»

фестивалі алматылық талай жеткіншектің арманына қанат байлап берді

Мегаполисте Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Ұлттық ғылым академиясының қолдауымен «BALAFEST: Jas Galym. Science Quest» фестивалі өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға келген жұмыс сапарында осы айтулы іс-шараға арнайы ат басын бұрып, өрендермен жүздесті.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін фестиваль биыл ғылым тақырыбына арналды. Мемлекет басшысы қала оқушыларымен бірге «Science», «Engineering», «Art», «Technology» және «Mathematics» станцияларын аралап көрді. Квест форматында ұйымдастырылған жарқын іс-шарада оқушылар өздерінің ғылыми жобаларын таныстырды.

Мемлекет басшысы балаларды мерекемен құттықтап, келешек ұрпаққа зор үміт

артатынын айтты. Сондай-ақ, жеткіншектердің ғылыми ізденісі мен шығармашылығын шыңдауға үлес қосқаны үшін фестиваль ұйымдастырушыларына ризашылығын білдірді.

Фестивальге қаланың 20-дан астам жоғары оқу орнының өкілдері, сондай-ақ Сингапурдан келген делегация қатысты.

Бірнеше кезеңнен тұратын үлкен квест ойыны түріндегі фестиваль балалардың наза-

рын ғылымға аудару үшін ұйымдастырылған болатын.

Бес кезеңнің әрқайсысында қатысушылар квестке тіркелу кезінде алған QR білезіктері арқылы келген ұпайды жинауға мүмкіндік алды. Әр жас санаты білезік пен тапсырмалар картасының түсіне сәйкес келеді: 6–9 жас – жасыл, 10–14 жас – сары, 15–18 жас – қызыл. Әрбір аймақта қатысушылар негізгі тапсырманы орындау үшін 1000 ұпайға дейін жетуі керек.

Барлық қатысушы есте қаларлық сыйлықтар, медальдар және ынталандыру сыйлықтарын алды.

«Биыл фестиваль ғылымға бағытталған және квест ойындары түрінде өткізілді. Жаратылыстану тақырыбының таңдалуының себебі ғылымның зеріктірілмейтін әрі күрделі деген таптарын пікірін жою, сонымен қатар балаларға осы бағытқа деген қызығушылықты ояту», – деді «Алматы дарыны» орталығының директоры Гүлнұр Кәрімғажы.

Алматылықтар мен қала қонақтары 30-дан астам интерактивті экспериментке, ғылыми-практикалық іс-шараларға қатысты. Сондай-ақ, фестиваль аясында студенттер өздерінің ғылыми әзірлемелерін ұсынды.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айсұлу ОРАЗАЛИНА, №54 Қазақстан–Ресей мамандандырылған мектебінің 8-сынып оқушысы:

## МАҒАН ШАБЫТ СЫЙЛАДЫ

Фестивальде мен «Мектеп оқушыларының виртуалды сарайы» ғылыми жобасын ұсындым. Бұл біздің Алматы қаласының Оқушылар сарайы сынды мәдениет пен тарихи ескерткіштерді аралауға мүмкіндік беретін виртуалды ортаны құруға мүмкіндік береді. Виртуалды турлар пайдаланушыларға әлемнің түкпір-түкпірінен үйлер мен жылжымайтын мүліктер музейлер мен көрікті жерлерге дейінгі нақты жерлерді зерттеуге мүмкіндік береді. Маған бұл фестиваль шабыт сыйлады.

Жаннұр ЖАҚСЫБАЕВА, алматылық ата-ана:

## ҒАРЫШҚА ҰШАТЫН БОЛАМЫЗ

Фестивальде ұлым Бекжан Мырзабайға «Аса жеңіл зымыранының прототипі» жобасын қорғауға мүмкіндік берілгені үшін алғыс айтқым келеді. Бұл зымыран болашақта бір кездері ғарышқа ұшады деп үміттенемін. Ұлымыз бірнеше ай бойы зымырандарды әзірлеу мен құрастырумен айналысты. Біз балалық шақтағы таланттарды анықтауға мүмкіндік беретін осындай жобалар бар екеніне қуаныштымыз. Біз әдетте ересектер ғана ғалым болады деп ойлаймыз, шын мәнінде, талант балалық шақта дамиды.

## ШОУ



Халықаралық балаларды қорғау күніне AMANAT партиясы Алматы қалалық филиалы мен Қазақ мемлекеттік циркі өкілдері алматылық кішкентай достарға арнап цирк қойылымын ұйымдастырды.

АЛМАТЫ ЦИРКІ  
өрендерге жарқын сәттер сыйлады

Мерекелік шоуға «Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың Ұлттық ғылыми орталығынан», «Үміт» саңырау мүгедектерді қолдау орталығынан, «Тағдыр» мүгедек балалар отбасылық клубынан, «Биік белеске бағыт», «Үмітінді үзбе», «Арғымақ», «Ана тілегі», «Қайырымдық керуені», «Алатау аналары», «Шыңға өрлеу» қорларынан, Алматы, Медеу, Бостандық, Наурызбай, Түркісіб, Алатау аудандарының мүгедектер қоғамынан, «Аяла», «Шапағат», «Парасат» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарынан, «Қазақстан Республикасының Ардагерлер ұйымы», «Қамқорлық орталығы – Хәсәд Полина», «Қазақ зағиптар қоғамы», «Ерекше балалардың ата-аналары одағы» қоғамдық бірлестіктерінен, «Нұр» қайырымдылық отбасылық балалар үйінен жеткіншектер шақырылды. Сондай-ақ, циркті алматылық оқу озаттары, дарынды балалар, шығармашылық олимпиада және спорттық сайыстардың жеңімпаздары, барлығы 100 бала тамашалады.

Алматы циркінің төрінде балалар алдында ең беделді Халықаралық цирк фестивальдерінің жеңімпаз артистері өнер көрсетті. Әуеде қалықтаған гимнасттардың, манежге шыққан көңілді клоундардың, тіпті, сүйкімді иттердің, епті мысықтардың, ақылды қон-

жықтың өнеріне мәз бола қол соққан балдырғандардың қуанышында шек болған жоқ.

– Бізге осындай жарқын сәттер сыйлаған жандарға алғыс айтамын. Осынау өмірдің күнделікті күйкі тірлігі біткен бе, кішкентай қызым үшін уақытымды бөліп келген едім,



Суреттерді түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«БІЗ БАҚЫТТЫ  
БАЛАМЫЗ»

Алматы аспанында жас жұлдыздар жарқырады

Балаларды қорғау күніне арналған концерттік іс-шара Алматы қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағында өтті. Оған Қазақстанның эстрада жұлдыздары, сондай-ақ балалар вокалды және би командалары қатысты.

Концерт «Сармат» ансамблінің хореографиялық нөмірінің сүйемелдеуімен «Бозторғай» хорының орындауында «Болашақ» балалар әнұранымен басталды. Содан кейін танымал артистер мен жас таланттар дуэт болып өнер көрсетті.

«Славян базары» байқауының жеңімпазы, жас вокалист Шерхан Арыстан кішкентай Қарлығашпен бірге «Туған жер» әнін қосылып орындады.

«Бүгін осында болғанымға және барлық Алматы тұрғыны үшін осы керемет жазғы демалыс – Халықаралық Балаларды қорғау күнінде өнер көрсеткеніме қуаныштымын!», – деді әнші.

Атақты күйші, Қазақстанның халық артисі Айгүл Үлкенбаева жас Ықыласпен бірге Құрманғазының әйгілі «Адайын» шертті. Ол талантты жастармен әрқашан өнер көрсетуге дайын екенін айтты. «Жас ұрпақтың қазақ халық өнеріне деген қызығушылығына ризамын. Бұл біздің музыканың болашағы бар екенін көрсетеді», – деді Айгүл Үлкенбаева.

Скрипкашы Алуа Мақанованың «Мәрмәр» жетіген ансамблімен бірігіп орындаған «Қарлығаш» классикалық туындысы әсерлі шықты. Ал кішкентайынан танылған Ержан Максим «Арманыңнан қалма» әнімен көпшіліктің көшеметіне бөленді.

Бақытты балалық шақ туралы әнімен Айгүл Үлкенбаева, Жігер Аупбаев, Алмас Кішкенбаев, Элизат Берікова, АРТ Classic тобы, Шаба Оразхан және Сәкен Майғазиев те жастарға қолдау көрсетті. Әйгілі «Қазақ қыздары» әнін КешYOU тобы жас трио Алсу Ұлыхановамен, Айрис Құлбаева және София Балғазинамен бірігіп айтты.

«Барша алматылық жас досты Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Бүгін мен осы сахнада болып, бірге өнер көрсетіп, тәжірибемді бөліскеніме қуаныштымын. Шығармашылық жолда бұл өте маңызды», – деді Алмас Кішкенбаев.

«Біз бақытты баламыз» әнін концертке қатысушылар бірігіп орындап, артынша бағдарлама балалардың шығармашылық ұжымының өнерімен жалғасты.

өте жақсы әсер алдым. Өзім де бір серпіліп, демалып қалдым. Қызым мәз болып, теледидардан көріп жүрген аюын бүгін көзімен көргеніне қуанып, қайта-қайта қол шапалақтап отырды. Мен секілді ерекше бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға сабыр, төзім және осындай жақсы күндердің мол болуын тілеймін, – дейді алматылық Сәуле Серперова.

Иә, бала табиғатына алаңсыз өмір, шаттық, қуаныш тән ғой, олар әсіресе, әлемге әйгілі «Без носков» клоун триосының өнеріне тәнті болып, ұзақ қол соғып отырды. Қуанса, бала қуансын!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.





## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Әр мемлекеттің даралығын дәлелдейтін нышандары болады. Сол арқылы барша ғалам алдында егемендігі айшықталып тұрады. Ол – рәміздер. Біз осы орайда рәміздер туралы қызықты деректермен бөлісеміз.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# КӨК БАЙРАҚ, ЕЛТАҢБА МЕН ӘНҰРАН

**әрбір қазақстандықтың  
отаншылдық рухын  
асқақтатады**

Ақын Қадыр Мырза-Әлі «біз – тарихы қалың елміз» депті. Сондай ғажап айтылған сөз. Шынында да, Ғұн империясы Батыс Еуропаға жорық жасады. Шалбар киіп, атқа үзенгі салуды үйретті. Әскери өнердің ерен үлгісін көрсетті. Сақ патшалығы Еуропа мен Азияға билігін жүргізді. Оның ізін Түркі империясы жалғады. Сөйтіп, ат тұяғымен төрткүл дүниені дүбірлетті. Берісі Шыңғыс хан мен Әмір Темір, Алтын Орда кезеңі өзінше бір тарих. Арысы мәмлүктерді бастап, өмір бақи қыпшақ тілінде сөйлеп, Крест жорығының басын қайтарған Сұлтан Бейбарыстың шежіресі әлі күнге дейін Араб түбегінде айтылуда. Ал дүниеде 600 жыл билік құрған османдықтардың да түбі түркі еді. Ақын Мағжан Жұмабаевтың «көп түрік енші алысып тарасқанда, қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па?!» деп келетін өлең жолдарының сыры да бекер емес-ті.

Қазақ мемлекеттілігінің діңгегі тереңде, тарих қатпарларымен үндесері айқын. Соның айқын дәлелі – рәміздер. Осыған орай, Ту, Елтаңба, Әнұранға қатысты 5 қызықты деректер топтамасын ұсынамыз. Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды.

## БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ БІРЛІК СИМВОЛЫ

Көк байрағымыз қастерлі ұғымға толы. Оның мән-мағынасы жоғарыда айтылған тарихпен жанасады. Осыған орай ел-жұрт біле бермейтін фактілер топталды.

Еліміздің мемлекеттік нышандарының беймәлім тұстары мен қызықты деректері жинақталды. Тудың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.

Көк түс – түркі халықтары үшін қасиетті ұғым. Туда көк аспанның шексіздігін білдіреді, сондай-ақ, жалпы игілік, тыныштық, бейбітшілік және бірлік символы деп есептеледі.

Бүркіттің силуэті жас тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке ұмтылу идеясынан пайда болды. Оның әр елдің және этникалық топтардың елтаңбалары мен туларында суреттелгені – ертеден келе жатқан дәстүр. Символика тілінде бүркіттің силуэті мемлекеттік билікті, кеңдікті және алғырлықты білдіреді.

Мемлекеттік тудың байқауына 1200 шығармашылық өкіл қатысты. 600-ден астам адам пікір білдірді, 245 сурет жобасы ұсынылды.

2012 жылы 23 ақпанда қазақстандық Андрей Гундарев Оңтүстік Американың ең биік шыңына – «Охос-дель-Саладоға» шықты, соның нәтижесінде Қазақстан Туы әлемдегі ең жоғары жанартауда орнатылды.

2015 жылы ғарышкер Айдын Айымбетовтің ғарышқа сапары кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы Жер шарын 150-ден астам рет айналып ұшты.

## «БІР ЕЛ, БІР ХАЛЫҚ, БІР МАҚСАТ»

Елтаңба – аты айтып тұрғандай, елдің дербестігін танытады. Бұл аса жоғары деңгейдегі символ қатарына жатады. Осыған қарап сол мемлекеттің тарихын бағамдай аласыз.

Біздің Елтаңбамызда сакральді ұғымдардың бейнесі кездеседі. Шаңырақ, пырақты жылқы, алтын жұлдыз барлығы тұтастықты, бірлікті, айбындылықты ұғындырып тұр. Осыған орай, қызықты деректер топтамасын жинаған едік.

Қазіргі еліміздің аумағында ғұмыр кешкен ежелгі сақ тайпасының өздерін ерекше айрықшаландыратын «Тамға» атанған тотем белгісінің болғандығы тарихтан белгілі. Аталған термин Түрік қағанаты кезінде қолданыла бастаған.

Қазақстанның Елтаңбасын құрастыруда авторлар 293-тен аса жоба ұсынған. Елтаңба конкурсының сыйақысы – 20 мың рубль болған.

Бір қызығы, авторлар Жандарбек Мәлібеков және Шот-Аман Уәлиханов бірін-бірі білмесе де, көрмесе де олардың жасаған елтаңба үлгісі қатты ұқсаған.

Елтаңбада шаңырақты көтеріп тұрған 72 уық бар. Ол «Бір ел, бір

халық, бір мақсат» тұжырымдамасы негізінде жасалған.

Қазақ әліпбиін біртіндеп латын қарпіне көшіруді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік рәміздердің бірі Елтаңбаға өзгеріс енгізілді. 2018 жылдың 1 қарашасынан бастап елтаңбадағы «Қазақстан» жазуы латынша QAZAQSTAN деп өзгертілді.

## «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Әр мемлекеттің Әнұраны шежірені шертеді. Сол арқылы өткен мен бүгінді айқындайды. Соның нәтижесінде болашаққа бағдар беріледі. Бұл Гимннің еш жерде қағидат ретінде жазылмаған өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Мемлекеттің жүрек сыры – Әнұран. Бізде де – солай. Сондықтан мемлекеттік символымыздың рухани көкжиегі, шертер жыры, ұғымы туралы фактілерді топтаймыз.

Алаш зиялылары Алаш мемлекетімен қатар, қазақ милициясын құрады. Ұлт сақшылары, жауынгерлеріне рух, күш-жігер беру мақсатында алғаш рет Әнұран жазылыпты. Авторлары Жүсіпбек Аймауытов пен Міржақып Дулатов дейтін жорамал бар. Сондай-ақ, ол бүгінгі қолданыстағы Гимнмен үндесері анық.

Басқа рәміздерге қарағанда Әнұран сәл кейінірек қабылданды. Мәтіні 1992 жылдың 11 желтоқсанында бекітілді.

Қазіргі Әнұранымыз заңды түрде 2006 жылы 7 қаңтарда қабылданды. Авторлар Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденовтің «Менің Қазақстаным» әні таңдалып, Нұрсұлтан Әбішұлының толықтыруымен жаңа Әнұран дүниеге келді.

Жаңа Әнұран бірінші рет 2006 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевты салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды.

Ж.Нәжімеденовтің жары Нәсіп апайдың естелігі бойынша бұл ән 1955-1956 жылдары жазылыпты.

Асылы ОСМАН,  
қоғам қайраткері:

## ҰЛТТЫҚ БЕЛГІСІН ҚАСТЕРЛЕЙІК



Рәміз – қасиетті ұғым. Патриоттықтың белгісі. Неғұрлым құрмет көрсетсек, соғұрлым құны артады. Шет ел бізді көк байрағымыздан байқайды. Спортшы, өнер майталманы, саясатшы – бәрі-бәрі қадірлеуі қажет. Біздің сандақтар өзге жақта жетістікке жетсе, туды көтереді. Бұл адамға рух береді. Жазушы-публицист әрі рәмізтанушы Ербол Шаймерденовтың осы салада еңбегі зор. Ербол Шаймерденұлы мемлекеттік комиссияның мүшесі бола жүріп 1992 жылы қабылданған мемлекеттік рәміздерді әзірлеу, ұлттық геральдиканы қалыптастыру ісіне айрықша атсалысты. Осындай ұлтқа шынайы берілген адамдардың арқасында ел тұғыры биіктеп, ұштағаны нығая түседі. Біз уағында тудың авторы, суретші Шәкен Ниязбековтың көзін көрдік, дәмдес, замандас болдық. Міне, арыстай азаматтар қазақты ісімен, сөзімен, ішкі жан-тәнімен сүйді, қызмет қылды. Біздің жас ұрпақтың санасына өткен тарихты сіңіріп, ұлттық белгілердің мән-мағынасын ұғындырайық. Рәміздер күні құтты болып, әр қазақ азаматы Отанын шексіз, шетсіз сүйіп, тыныштық заманда ғұмыр кеше берейік.

Дандай ЫСҚАҚ,  
филология  
ғылымының  
докторы:

## СИМВОЛИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ



Әр елдің рәміздерінің түп-тамыры тереңде. Оның шығу шежіресіне көп нәрсе байланысты. Біздің тудың символикалық мәні сонау Көк түріктер кезеңімен үндеседі. Өйткені, көк түс сол уақытта болған деседі. Мысалы, жасыл түс мұсылмандықты білдіреді. Ал КСРО уағындағы қызыл түс қан төгіліп мықты державаға айналды дегенді аңғартатын. Тіпті, іргедегі қырғыз ағайынның білгірлерінің өзі қызыл тудың түсін өзгертуді ойлап келеді. Демек, түсте аса мән-мағына жатыр.

Бұрын ағамыз қазақ жауға шапқанда туға қараған. Егер жаудың жалауы жығылса ұтқандығын білген. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де қызыл туды ұстап келе жатқан әскери адамға оқ тисе, келесісі құлатпай ұстауға тырысқан. Демек, тудың жықпау әу бастан басталған.

Біз алтын тарихтың үстінде отырмыз. Ендеше, Қазақ елінің шаңырағы биік, керегесі кең, есесі биік болсын десек, бәріміз аянбай еңбек қылайық.

Сапарбай  
ЖОБАЕВ, қаржыгер:

## ӘР БЕЛГІНІҢ МӘНІ МЕН АЙТАР ОЙЫ БАР



Қазақстан Республикасының рәміздері, бұл – қазақ халқы үшін мақтаныш болатын құнды рухани байлық. Бізді ғаламға танытатын айрықша нышандар. Сондай-ақ, дербес ел екендігіміздің белгісі. Бұл арада ту, елтаңба, әнұран туралы көп айтсақ та болады. Өзім қаржыгер болғандықтан теңге туралы ой қаузауым. Егер көшеде 1 несесе 5 теңге құлап жатса, көтеріп аламын. Себебі, оның қарсы бетінде елтаңба бейнесі бейнеленген. Бұл – құрметтің белгісі. Бүгінгі күндегі Елтаңба бәрімізге де ұнайды. Астарында зор мән бар. Мұны қадірлеуге әрбір азамат ниетті болса дейміз.

Мемлекеттік туымыз туралы әңгіме мәні үлкен. Кезінде әйгілі билеуші Әмір Темір мемлекетінің туының түсі көк болған екен. Демек, қазақ тарихының бір парасы осымен де ұштасып жатса керек-ті. Сондықтан бұл Орталық Азиядағы алпауыт империялардың туымен үндесі. Дербестік жылдарында Алаш туын қайта қалпына келтіру ұсынылды. Бірақ ыңғайы келмеді. Ал бүгінгі таңдағы туымыздың ұғындырар тұспалы һәм тарихи тұсы көп.

Гимн жайында бір үзік сыр қозғауға болады. Бұл қазақтың белгілі композиторы Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденов шығарған керемет туынды болды. Әнұранға айналды. 1956 жылы Солтүстік облыстарға «Тың көтеру» дейтін дақпыртқа тосқауыл болған ұран еді. Уақыт өте келе бұл да мақтанышымызға айналып, халықтың жүрегінен орын алды.

Рәміздерді көтеріп ұстап, әрқашан қадір-қасиетін арттырып отырайық.

Бетгі әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





ИССАПАР

**Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға жасаған жұмыс сапарында Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының жаңа корпусымен танысты. Жаңа ғимарат Emergency халықаралық стандартына сай салынған әрі триаж жүйесіне сәйкес тәулігіне 500-ден аса науқасты қабылдай алады.**

# АНА МЕН БАЛА

## Мемлекет басшысы Алматыға келген жұмыс сапарында медициналық көмектің сапалы болуына назар аударды



Сурет: akorda.kz

Орталықта 26 төсек-орынға есептелген реанимация және қарқынды терапия бөлімі, диагностика бөлімі және 4 операция блогы бар.

Президентке орталықтың заманауи медициналық аппараттармен жабдықталған диагностика кабинеттері, нәрестелерге арналған қарқынды терапия бөлімшесі және операция бөлмелері таныстырылды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың айтуынша, 1965 жылы негізі қаланған қалалық балалар ауруханасы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті педиатрия кафедрасының клиникалық базасы саналады. Ауруханада тек Алматы қаласының ғана емес, бүкіл Қазақстанның балалары жоспарлы ем-дом алады. Республика бойынша тек осы клиникада жаңа туған нәрестелерде кездесетін асқазан артрезиясы, көкет жарығы (диафрагмальная грыжа), рахишизис, гастрошизис секілді туа бітті дерттерді хирургиялық жолмен емдеу тәсілдері жолға қойылған.

Кейінгі үш жылда бұл ауруханада емделушілер саны 30 пайызға артқан. Сол себепті, қазір Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының негізгі ғимаратын жаңарту және реконструкциялау жоспары әзірленіп жатыр. Соған сәйкес ескі корпустардың бәрі күрделі жөндеуден

өткізіліп, қосымша оңалту, отоларингология, аймақтық офтальмология орталықтары және жақ-бас сүйек хирургиясы бөлімшелері ашылмақ. Нәтижесінде стационардағы төсек-орын саны 350-ден 470-ке дейін артады. Сондай-ақ, көрсетілетін медициналық қызметтердің түрі көбейіп, халықаралық стандарттар деңгейіндегі сапаны қамтамасыз ету мүмкіндігі пайда болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медициналық мекеменің қызметіне табыс тілеп, 2 реанимобиль мен интерактивті тақтаны сыйға тартты.

**\*\*\***  
Мемлекет басшысы осы жұмыс сапарында Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының директоры Гүлнар Нұрланованы қабылдады. Кездесу барысында Президент ана мен бала денсаулығын сақтау саласы мемлекетіміздің басты басымдығы саналатынын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық денсаулық сақтау жүйесінің алдында жүкті әйелдер мен балаларға медициналық көмектің қолжетімділігін әрі сапасын арттыру, ана мен

бала өлімін азайту, балалардың мүгедектігін ерте анықтау және алдын алу жөнінде маңызды міндеттер тұрғанын айтты. Мемлекет басшысы перзентханалардың инфрақұрылымын нығайту және олардың жұмысына озық стандарттар мен әдістемелерді енгізу қажеттігіне ерекше назар аударды.

Гүлнар Нұрланова Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының қызметі мен жетістіктері және жүзеге асырылып жатқан жобалары туралы мәлімет берді. Сондай-ақ, орталық еліміздегі туа біткен жүрек аурулары бар науқастарды бақылаудың толық циклі жүргізілетін жалғыз мекеме екенін жеткізді. Мұнда жыл сайын 200 кардиохирургиялық ота жасалады. Перзентханада дүниеге келетін нәрестелер саны 9000-ға, оның ішінде мерзімінен бұрын туғандар шамамен 3700-ге жетеді.

Сонымен қатар, Президентке фетальді хирургияға қатысты революциялық жоба енгізіле бастағаны жөнінде баяндалды. Медициналық көмектің аталған бағытына сәйкес, туа біткен даму кемістіктерін коррекциялау үшін балаға құрсақ ішінде жатқанда операция жасалады. Жоба дені сау баланы дүниеге әкеліп, ана бақытына бөленуге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев дәрігерлерді қолдау мәселелеріне арнайы тоқталып, олардың қоғам үшін сіңіріп жатқан еңбегі маңызды екенін атап өтті. Президент биыл медицина қызметкерлерінің мүддесін қорғауға және дәрігер қызметінің мәртебесін арттыруға бағытталған заңға қол қойғанын еске салды. Сонымен қатар, алғаш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» мемлекеттік наградасы бекітілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Гүлнар Нұрлановаға және барлық дәрігердің игілікті жұмысына табыс тіледі.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

## БІР МЕЗГІЛДЕ ЕКІ АДАМНЫҢ ӨМІРІН САҚТАП ҚАЛДЫ

### Алматылық акушер-гинекологтар мен кардиохирургтарға сәттілік серік болды

Алматы қалалық Кардиологиялық орталығына жүктілігіне 34 апта болған әйел «сол жақ жүрекшеде митральды қақпаша құрылымдарына ұласатын қалқымалы түзілімі бар» деген диагнозбен келіп түсті. Бұл жағдай анаға да, оның құрсағындағы шарапаға да үлкен қауіп төндірді.



Бұған дейін әйел жүктілігінің 20-шы аптасында инсульт алғаны, содан кейін дәрігерлер оның жағдайын тұрақтандырғаны белгілі болды. Алайда, науқаста сол жақ гемипарез түріндегі инсульттің салдары, яғни дененің сол жағындағы сезімталдықтың жоғалуы және бұлшықеттердің әлсіреуі қалып қойған. Бұған қоса гестациялық артериялық гипертензия, әлсіз дәрежелі миопия және созылмалы пиелонефрит сияқты аурулар қосылды.

Өмірге қауіп төндіретін жағдайды ескере отырып, қалалық Кардиологиялық орталықтың директоры Роза Қуанышбекова бастаған дәрігерлер консилиумы баланың өмірін сақтап қалу үшін бірінші кезеңде кесарь тілігі арқылы босану, ал екінші кезеңде жүрекке ота жасау туралы шешім қабылдады.

Кесарь тілігі отасын №2 қалалық Перинаталдық орталық директорының орынбасары Гүлнара Куренова жүргізді.

«Ота сәтті өтті және салмағы 2120 грамм бала дүниеге келді. Баланың жағдайы ауыр, бірақ тұрақты болды, қазір ол оң динамикамен реанимацияда жатыр», – деді Гүлнара Куренова.

Кесарь тілігінен үш күн өткен соң, жүрекке митральды қақпақшаны протездеу арқылы сол жақ жүрекшенің түзілуін алып тастау отасы жасалды.

«Ота кезінде біз сол жақ жүрекшенің түзілімін алып тастадық және жүрек қақпақшасын ауыстыруға мәжбүр болдық, өйткені ол митральды қақпақшаның құрылымына ене бастады. Ота штаттық режимде сәтті өтті. Науқастың ғана емес, оның баласының да жағдайы жақсы болады деп үміттенеміз», – деп атап өтті қалалық Кардиологиялық орталықтың кардиохирургия бөлімінің меңгерушісі Нұржан Мүсірепов.

Бүгінде пациент пен оның бөбегінің өміріне қауіп төніп тұрған жоқ. Бала оң динамиканы көрсете отырып, реанимацияда дәрігерлердің бақылауында.

Бұл жағдай акушер-гинекологтар мен кардиохирургтар арасындағы кәсіптілік пен үйлесімділіктің ең жоғары деңгейін көрсетеді, олар бір уақытта екі адамның өмірін сақтай отырып, осындай күрделі медициналық ахуалды жеңе алды.

**Бетті әзірлеген  
Нұржамал ӘЛШЕБА.**

## КӨЗІЛДІРІКТІ БАЛА КӨБЕЙГЕН

### Мегаполисте көз ауруларын емдеудің жаңа әдістері талқыланды

**Елімізде көз ауруына шалдыққандар саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Бұл туралы Алматыда өткен «Заманауи офтальмологияның стратегиялық мәселелері және оларды шешу жолдары» конгресінде айтылды. Көзді емдеудің тың әдістерін талқылаған офтальмологтар жиынында 500-ден аса маман бас қосты.**

– Алыстағыны дұрыс көрмейтін балалар саны он есе өсіп отыр. Көз аурулары бұрын 60, 70, 80 жастағы кісілерге тән болса, қазіргі күні бұл ауру да «жасарып» бара жатыр. Ол міндетті түрде өмір сүру сапасына, жүріс-тұрысына байланысты, – деді «Қазақстандық офтальмологтар қоғамы» РҚБ президенті Тұрсынғүл Ботабекова.

Тәжірибе алмасу алаңына айналған алқа-

лы басқосуда катаракта және шыны безі хирургиясы, глаукома, көздің онкологиялық және қан тамырлары патологиясы сынды өзекті тақырыптар қозғалды. Сондай-ақ, отандық офтальмологтар қоғамы алғаш рет осы саладағы стратегиялық маңызды бағыттарды көтеретін сараптамалық кеңес құрды. Олардың сапына нақты мәселелерді шешуге атсалысатын және өз жобасын ұсынатын ең тәжірибелі дәрігерлер қосылған.

Білікті деген көз дәрігерлері баяндамалар жасап, үлкен экраннан адамның жанарына жасалып жатқан оталарды көрсете отырып, дәрістер оқыды. Конгресс барысында көз ауруларын диагностикалау мен емдеудегі жаңа инновацияларды, озық технологияларды паш ететін көрме ұйымдастырылды. Әлемнің оннан аса елінен келген көз дәрігерлерін жинаған үлкен іс-шараны былттыр 90 жылдық мерейтойы аталып өткен Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты мен «Қазақстандық офтальмологтар қоғамы» ұйымдастырған. Конгресті еліміздегі офтальмология саласын жоғары дәрежеге көтеруге дәнекер болуға тиіс қабылданған шешім түйіндеді.

Суретті түсірген Қайрат ҚОҢЫСБЕКОВ.

КОНГРЕСС





СЕМИНАР

# ҚОҚЫС СҰРЫПТАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕРЕК

Алматының «Теректі» ықшамауданындағы «Айша» балабақшасының алаңында «Қалдық заттарға екінші өмір сыйлау» тақырыбында семинар-практикум өтті.

Іс-шараға қалалық білім беру басқармасының, «Атамекен» Алматы қалалық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, қоғам белсенділері мен ата-аналар қатысты. Семинарда бүгінгі уақыттағы тұрмыстық қалдықты сұрыптап, жинаудың маңызы қозғалды. Семинарды ұйымдастырушылар күнделікті тұрмыста мән берілмейтін қатты тұрмыстық қалдықты ұтымды кәдеге жарату, оларды қайта өңдеудің маңызына тоқталды. Мамандардың пікірінше, балаларға экологиялық тәрбие беруде ата-ананың рөлі зор.

«Қоқысты сұрыптау сияқты дағды тәрбие экологиялық мәселемен тығыз байланысты. Саналы, әрі дені сау ұрпақты тәрбиелеуде баланы айнала-ортаға қамқор болуға үйрету мәнді. Осы бағытта балабақшадағы осындай практикүм тиімді тәлім деп білемін, – деді Алатау аудандық білім бөлімінің бас маманы Мәншүк Зейтова.

Семинар-практикум барысында «Жібек жолы» – ұлттық тәрбие» сахналық көрінісі қойылып, балабақша мамандары балалармен бірге ұжымдық жұмыс жүргізді. Балақайлар «Бір шөкім мақта» ертегісі, «Я получил двойку» қойылымдарын ұсынды. Бір қызығы, мұндағы қуыршақ шұлықтан, ескі ойыншықтан жасалғаны. Қалдық материалдан жұмыртқа латогі, дәретхана қағазы, картоннан түйенің, т.б. жануарлар мүсіні жасалды. Папие-маше әдісі қолданылды. Осы процесте балалардың еңбек етуге талпынысы, құлшынысы сезілді.

«Қазақта «Баланы – жастан»,



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанар ИБРАГИМОВА, Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының сарапшысы:

**ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ**  
Нарықтық экономикада баланы жастайынан кәсіпке баулу маңызды. Бала тәрбиешісінен қасында жүріп жоқтан барды жасауды үйренеді. Өтелге (утиль) кеткен дүниеге екінші дем беріп, шығынсыз өнім дайындауға болатынына көз жеткізеді. Сонымен бірге, жасаған затын жәрмеңкеге шығарып сатқан жағдайда кіріс пен шығысты есептеуді үйренеді. Демек, балақайлардың өзі нарыққа бейімделіп, кәсіпті дөңгелетудің мәнісін зерделей бастайды. Қаржылық сауаттылық балабақшадан басталады дейтініміз сол.

«Тәрбие – тал-бесіктен» деген мәтелдер бар. Өзгенің іс-әрекетіне еліктеп, тәлімді айналасына қарап алатын баланы тұрмыстық қалдыққа ұқыппен қарайтындай етіп баулу қажет. Осы тәлім-тәрбиені ата-ана, балабақша тәрбиешісі, қоғам болып баланың санасына сіңіруі керек», – дейді «Айша» жекеменшік балабақшалар желісінің құрылтайшысы Ұлдар Еділова.

Семинар барысында мектепке дейінгі білім мамандары мен ата-аналарға қалдықтардан пайдалы ойыншық жасау шеберлік сабағы өтті. Ата-аналарға қалдық заттан балалардың дамуына үлесі бар ойындар бойынша лайфхак көрсетілді. Аталған балабақша психологы Мөлдір Серікқызы қатысушыларға «Жыл мезгілі» атты жаттығуды көрсетіп, олармен бірге жаттығу жасады.

КЕРЕК ДЕРЕК

\* Дүние жүзінде 1950 жылдан бастап жылдық пластик өндірісі 0 деңгейінде болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 335 миллион тоннаға дейін өскен.

\* БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының мәліметінше, әлемде жыл сайын 400 миллион тонна пластик өндіріледі. Бұл жағдайда шамамен 79 пайызы полигонға не қоршаған ортаға түседі. Соның небәрі тек 9 пайызы қайта өңделеді.

\* Микропластик – тамаққа, суға және ауаға енетін диаметрі 5 мм-ге дейінгі ұсақ бөлшектер. Болжам бойынша, ғаламдағы әрбір адам жылына 50 мыңнан астам пластикалық бөлшекті тұтынады, ал ингалицияны ескерсек, ол айтарлықтай көп.

\* Лақтырылған немесе өртенген бір реттік пластик адам денсаулығы мен био алуантүрлілікке зиян келтіреді, тау шырларынан теңіз түбіне дейінгі барлық экожүйені ластайды.

\* Қоқысқа қатысты немқұрайлық жалғаса берсе, 2050 жылға қарай әлемдегі пластик қалдық пен қоқыс көлемі 12 млрд тоннаға жетеді. Демек, адамзат қалдықты сұрыптап жинап, қайта өңдеуді қолға алмаса, ғаламшарға орасан зор залал келтіріледі.

\* Қоқысты дұрыс жинап, кәдеге жарату бағытындағы кәсіпорындардың рөлі маңызды. Бізде әй сайын шамамен, 4000 тонна макулатура жинап, сұрыптайтын кәсіпорындар бар. Осылайша 85 мыңға жуық ағаш не 10 шаршы шақырым орман кесілуден сақтандырылады.

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

## «АЛТЫН АДАМНАН – БІЗДІҢ ДӘУІРГЕ ДЕЙІН»

Наурызбай ауданындағы «Тастыбұлақ» ықшамауданындағы «Сақ қорғандары» гүлбағына ағаш көшеттері отырғызылады

«Алтын адам» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен, Алматы қалалық Азаматтық альянстың қолдауымен шаһарымыздан бір топ зиялы қауым өкілі: тарихшылар, экологтар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, қоғам белсенділері шаһарымызға іргелес Есік қаласына барды.

Азаматтық альянс бастамасымен, «Алтын адам» тарихи этнографиялық колөнерді дамыту РҚБ ұйытқы болуымен, қоғам белсенділерінің қолдауымен ұйымдастырылған «Алтын адамнан біздің дәуірге дейін» атты І халықаралық форумы Сақ қорғандарындағы «Алтын адамның» табылуының 55 жылдығы қарсаңында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өтті. Форум биыл күзде Елордадағы Бүкіл дүниежүзілік көшпенділер ойындары алдында айтулы шара десек болар. Мақсат – еліміздің мәдени-тарихи мұрасын сақтау, ел мен жерге деген ұлттық құндылықты өскелең ұрпақтың бойына сіңдіру.

Бұл қалаға сапарда Тәуелсіздіктің басты символына айналған «Алтын адамның» қадір-қасиеті, тарихтың қойнауынан алынған осындай асыл құндылығымызды болашақ ұрпақтың бағалауы жайлы айрықша айтылды. Елдік имиджді асқақтаумен бірге, әлі де болса бар сырын ішіне бүгіп, назардан тыс қатқан сақ қорғандарының елеусіз күйі өзекті мәселе ретінде көтерілді. Осы ретте әлі де болса этнографиялық қолданбалы өнерді насихаттау арқылы жастардың назарын отандық мәдени мұраға аудару ерекше ескерілді.

«Қазақтың тарихы оның ежелгі дүниелерімен байи түседі. Сонау 70-жылдардың басында Есік қаласы маңынан алтын адамның табылуы – қазақтың арғы тегінен рухани өсіп-өркендеген жұрт екенінің айқын дәлелі. Осы орайда, қазақтан шыққан музейтанушы, археолог, тарихшы-ғалым Бекен аға, Бекмұханбет Нұрмұхаметовтың еңбегі ерекше. Археолог Кемел Ақышев жетекшілік еткен топтың құрамын-



да болған Бекен аға тамаша тарихи-мәдени ескерткіштің қадір-қасиетін өте жоғары бағалады.

Кейіннен сақ қорғандарының маңында музей пайда болды. Ұзын саны отызға жуық тарихи сақ қорғанының бүгінде он сегізгі ғана сақталыпты. Шыны керек, соның көбі азып-тозған жағдайда. Кезінде Бекен ағаның қолдауымен мен оқушылардың жазғы, күзгі каникулы кезінде сақ қорғандары жанында лагерь ұйымдастырғаным бар. Жас өрендермен бірге бес қорғанды қалпына келтіріп, жөндедік. Қазірге дейін сол қал-

пында, көзге тартымды көрінеді. Мұндай елге ересен еңбегі кісінің есімін музейге берген жөн болар. Тарихымыз мен мәдениетімізге өлшеусіз үлес қосқан адамның есімін кейінгі ұрпақтың ұлықтағаны абзал», – дейді «Табиғат» қазақстандық бірлестіктер мен кәсіпорындарының экологиялық одағының президенті Мәліс Елеусізов.

Көркемсурет те елдің өміршеңдігін танытатын өрелі өнер. Елімізге талантымен, айшықты қолтаңбасымен танымал суретші Мақсат Қаңтарбаевтың қазақ өмірінен, тұрмыс-салтынан жазған, Алатаудың баурайынан, Есік қорғандары маңынан бейнелеген оннан астам пейзаждық туындысы форум алдында көрмеге қойылып, жиылған жұртшылық тамашалады.

Белсенді азаматтардың бастамасымен елімізге келетін туристерге, демалушыларға арналып Іле Алатауы ұлттық паркімен шектес Есік қаласының жоғары жағынан, Алматы қаласының Наурызбай ауданы «Тастыбұлақ» ықшамауданындағы осы күні «Сақ қорғандары» деп аталатын аумақта «Алтын адамнан біздің дәуірге дейін» аталатын Батырлар аллеясы маңынан этно-ауыл құру жоспары қарастырылуда. Осы орайда алда қолданбалы шығармашылық өнер көрмелері, халықтар достығы фестивалі, қайырымдылық акциялары өткізіледі. Аталған форум делегаттары аталған мерейтойлық датаның ЮНЕСКО-ның 2025 жылғы шараларының күнтізбесіне қосу жөнінде шешім қабылдап, ұйғарым жасады.

«Алтын адам» тарихи этнографиялық колөнерді дамыту РҚБ қоғам өкілдерімен, ата-ана, мұғалімдермен бірге, 1 маусым – Балаларды қорғаудың халықаралық күні қайырымдылық шарасын өткізіп, ағаш көшеттері отырғызылады. 5 маусым – «Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні» қарсаңында «Ардагерлер өсиеті» шарасын ұйымдастырады. Сол күні «Семей-Невада» халықаралық антиядролық қозғалысы өткізетін «дөңгелек үстел» үрдісіндегі жиында Алматының экологиялық мәселесі қозғалады. Наурызбай ауданындағы «Тастыбұлақ» ықшамауданындағы гүлбақта экологиялық ұйымдардың бастамасымен мәдениет, ғылым, ата-аналар комитеті, қоғам өкілдерімен бірге «XXI ғасыр мұғалімдері – ядролық қарусыз әлем үшін» тақырыбында жиын өткізеді, баққа ағаш көшеттері отырғызылады», – дейді «Алтын адам» тарихи этнографиялық колөнерді дамыту РҚБ басқармасының төрағасы Серік Қазақпаев.

Бетті әзірлеген  
Айнабай МӘДИ.





РӘМІЗДЕР КҮНІ



«МЕНІҢ  
МЕМЛЕКЕТІМ!»

Еліміз тарихында «Ертөстік» атауымен өзіндік орны бар Алматы ауданындағы №18 бөбекжай-балабақшасының ұжымы Балалар күні мен Рәміздер күнін атап өтті.

Ата-бабамыздың арманына айналған азаттыққа, бодандықтан бостандыққа қол жеткізген 1986 жылдың 16 желтоқсанында ашылған «Ертөстік» балабақшасы үшін Мемлекеттік рәміздердің орны ерекше. Сондықтан балабақша ұжымы «Бар мейіріміз – балаларға, Менің мемлекетім!» атты мерекелік іс-шара өткізді.

– Біздің ұжым үшін осынау қос мерекенің де орны ерекше. Балалар күнінің құрметіне таңертең бүлдірішіндерді ертегі кейіпкерлері күтіп алып, түрлі тәттілер ұсынды. Ашық аспан астында өткізіліп отырған іс-шара бүлдірішіндерді Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға баулитыны анық. Әрі балақайлардың тіл байлығы артып, ой-өрісі, сөздік қоры дами-ды. Осынау мереке аясында балақайлар мемлекеттік рәміздер туралы едәуір мәлімет алды деп ойлаймын, – дейді балабақша меңгерушісі Елмира Сейтжанқызы.

СЫНАҚ

ОҚУШЫЛАР ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН  
ЕМТИХАН ТАПСЫРАДЫ

Биыл еліміздің мектеп оқушылары ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен алғаш рет қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырды. Бұл бастаманы халық та қызу қолдады. Неге десеңіз, бұл ең алдымен мемлекеттік тілге көрсетіліп отырған зор құрмет. Сонымен, айтулы министрліктің мұндай қадамға баруына не түрткі болды дерсіз?

Бұл қадам ең алдымен, білім алушылардың оқу бағдарламаларын игеріп, оқу және жазу сауаттылығын айқындау мақсатында

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Сауаттылықты дамыту маңызды

Алматы қаласы №209 мектеп-гимназиясында «Өзара байланысты құзыреттерді енгізу арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» атты педагогикалық кеңес өтті. Бұл тақырып қазіргі заманның талаптарына сай, білім беру жүйесінде өте маңызды болып табылады.



Ернұр  
РЫСБАЙ

Функционалдық сауаттылық – бұл оқушылардың өмірде қажетті білім, білік, дағдыларды меңгеруі және оларды тиімді қолдана білу қабілеті. Ол тек академиялық біліммен шектелмей, кеңірек ойлауды, сыни талдау жасауды, шешім қабылдауды және креативтілікті қамтиды. Осы орайда, өзара байланысты құзыреттерді дамыту – функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі жолы болып табылады.

Жиында маңызды құзыреттердің оқыту процесіндегі рөлін, оларды енгізудің тиімді әдістері мен құралдары талқыланды. Мектепте қандай нәтижелерге қол жеткізгендері, қандай қиындықтармен бетпе-бет келгендері және алдағы уақытта қандай бағыттарда жұмыс істеу керектігі қарастырылды.

Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы оқушыларды өмірге дайындап, оларды жан-жақты дамыған, заманауи талаптарға жауап беретін азамат етіп қалыптастыру міндеті жүктелген. Бұл жолда мектеп ордасының ортақ мақсаты – сапалы білім беру, оқушылардың жеке қабілеттерін ашу және дамыту екені анық.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат МУНБАЕВ, №209 мектеп-гимназия директоры:

Білімді тиімді қолдануға үйретеміз

Бүгінгі қорытынды педагогикалық кеңесімізге қош келдіңіздер! Бүгін біз өте маңызды мәселе – «Өзара байланысты құзыреттерді енгізу арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» тақырыбын талқылайтын боламыз. Ең алдымен, біздің мектеп-гимназиямыздың бірқатар артықшылықтарын атап өткім келеді. Біздің ұжымымызда жоғары білікті, өз ісіне адал, шығармашыл мұғалімдер жұмыс істейді. Оқушыларымыз көптеген ғылыми жобаларда, олимпиадаларда, спорттық жарыстарда және өнер байқауларында үздік нәтижелер көрсетуде. Бұл – біздің мектептің ең үлкен жетістіктерінің бірі. Дегенмен, бізде шешуді қажет ететін мәселелер де бар. Соңғы уақытта біздің мектептегі білім сапасы көрсеткіштерінің төмендеуін байқаудамыз. Бұл жағдай бізді ойландыруы керек. Біз осы мәселені шешудің тиімді жолдарын іздеуге тиіспіз. Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы біз оқушыларымызды тек білім алуға емес, сол білімді өмірде тиімді қолдануға, әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйретеміз.

Бибігүл КАСБАКОВА, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Бірігіп жұмыс істеу керек

Бүгінгі педагогикалық кеңесте біз білім сапасын жақсарту бағытында талқылау жүргізу үшін жиналып отырмыз. Жалпы, мектептің жылдық KPI рейтингісі бойынша үздік 100 мұғалімге кәсіби біліктілігін арттыру үшін «Lesson study» курсына оқуға мектеп қаржысынан грант бөлінді. Осы орайда, біздің алдымызда біршама мақсат-міндеттер тұр. Мәселен, оқу әдістемелерін жаңарту, мұғалімдердің кәсіби дамуына көңіл бөлу және инфрақұрылымды дамыту. Біз бірігіп жұмыс істесек, білім сапасын жақсартуға барлық мүмкіндігіміз бар деп сенемін. Әрқайсымыз өз үлесімізді қосып, оқушыларымыздың функционалдық сауаттылығын арттыруға атсалысайық.

жазбаша және ауызша тапсырды. Мәселен, оқушылар эссе жазып, сонымен қатар мәтінді оқу, әңгімелесу және мәтінді түсіну бойынша өз шеберліктерін көрсете білді. Оқушыларға берілетін тапсырмаларды әр мектептің мұғалімдері өздері әзірлеп, оны білім беру ұйымының әкімшілігі бекітті. Емтиханды әр мектептің мұғалімдері өздері қабылдады. Емтихан барлық мектепте таңертеңгі сағат 9.00-де басталды. Оқушылар сыныпқа кірген бетте ұялы телефондарын өткізіп, билет сұрақтарына жауап беруге кірісті.

Осылайша күні кеше қала мектептерінің 5–8,10-сыныптары қазақ тілінен емтихан тапсырды. Емтихан барысында білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес бағаланды.

КЕЗДЕСУ

КІТАПХАНА  
ҚОРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Алматыға арнайы келген жұмыс сапары аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Гарвард университетінің профессоры, эксперт-ғалым Марк Эллиот бірге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің біршама нысандарын аралап, сирек кітаптар мен қолжазба қоры қызметімен танысты.

Кітап қоры жағынан ең бай кітапхана саналатын «Әл-Фараби» кітапханасының сирек басылымдар мен қолжазбалар қорында XVII–XIX ғасырда жарық көрген 14 350 дана сирек кітап сақталған. Мұнда 13 тілде жарық көрген кітаптар негізінен математика, физика, химия, биология, география, тарих, тіл білімі, әдебиет, құқық және экономика салаларын, ал латын, неміс, француз, ағылшын, араб, шағатай, парсы, қытай тілдеріндегі басылымдар көне ғасырлардан бүгінгі дәуір аралығын қамтиды. Бұл еңбектердің арасында Орта Азия ғана емес, ерте кездерде дүние жүзінде жарық көрген құнды кітаптардың үлгілері бар. Қазір мұнда еліміздің шығыстанушы, лингвист, тарихшы ғалымдардан құрылған жұмыс тобы арнайы сараптама жасап, сұрыптап, тақырыптық бағыттарына байланысты салаларға бөліп, нақты зерттеулер жүргізіп жатыр.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми-зерттеу жұмыстарына оң баға бере отыра, Гарвард университетінің профессоры, эксперт-ғалым Марк Эллиоттың зерттеу еңбегімен таныстырды. Сондай-ақ, сарапшының сирек кітаптар мен қолжазбаларға ерекше қызығатынын да тілге тиек етті.

Бетгі әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ

БАЛАЛАР УАҚЫТЫ БОСҚА ӨТПЕЙДІ

Үкімет отырысында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев биылғы жазда 3,1 млн баланы, яғни мектеп оқушыларының 88,2%-ын демалыспен қамту жоспарланғаны жөнінде айтқаны белгілі. «Жаз–2024» балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелерін талқыланғанын, сонымен қатар Оқу-ағарту министрлігі басқа да министрліктермен бірлесіп, заңнамалық нормаларды, бағдарламаларды, сондай-ақ мониторинг пен бақылауды қамтитын іс-шаралар жоспарын қабылдағанын атап өткен еді.

Кезекті оқу жылын аяқтаған оқушылар қазір жаз қызығына кіріскен. Қаламыздың Наурызбай ауданына қарасты №206 мектеп-гимназия жанынан ашылған «Балдырған» лагерінің де жұмысы қыза түскен. «Балдырған» лагерінде қазіргі таңда 450 оқушы демалып жатса, олар жас шамаларына қарай 18 топқа бөлінген. Әрине, ең алдымен мектептің әлеуметтік осал санаттағы балалары

қамтылып отыр. Біз №206 мектеп-гимназия директоры Фатима Алиакбароваға жолығып, лагерьдің жұмысы туралы сұраған едік.

– Мектепшілік лагерь – бұл әдеттегі мектеп іс-әрекетінен ерекше, қоғамдық маңызы бар, балалардың бос уақытын мазмұнды өткізетін, белсенді демалыс аймағы. Сонымен қатар, әр оқушының бос уақытында өз мүмкіндіктерін, жеке қа-





# «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

## «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

### БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [almaty-akshamy.kz](mailto:almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

## «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)** 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)** 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

## Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

## МЕМЛЕКЕТ АЙБЫНЫ

# РӘМІЗДЕРГЕ ҚҰРМЕТ – БАРШАҒА МІНДЕТ

Әрбір мемлекеттің рәмізі оның айбыны. Тіпті, есі мен сесі десе болады. Кейде мемлекеттің айбарын сол рәмізіне қарап та бағалап жатады. Көп жағдайда қанатын қомдап тұрған құстың немесе басқа да сұсты бейнелерді бейнелеп жатуы да сондықтан.

## ДЕПАРТАМЕНТ

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТҮСІНІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Қызметтің көптеген түрлерін көріп жатамыз. Олардың бір-біріне ұқсамайтын сан алуандылығы бар. Педагогтік, емдеу ісі, шығармашылық, жеңіл және ауыр өнеркәсіп, қызмет көрсету, өндіру сынды бөліне береді. Осы салалардың барлығында да бақылау функцияларын іске асыратын мемлекеттік құрылымдар бар. Ал олардың негізгі қызметінің түрі – мемлекеттік қызмет. Мемлекеттік қызмет басқару формасына сәйкестене отырып кәсіпкерлікпен, өндірушілікпен айналыспайды. Оған мемлекеттің функциялары мен міндеттерін тікелей атқару жүктелген. Негізгі ұғымында мемлекеттік қызмет дегеніміз – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі. Ал ол қызметті жүзеге асырушы мемлекеттік қызметші деп аталады. Бұл қызмет құқықтық жағынан 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің бірнеше реформадан өтіп, әлі де даму үстінде. Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, мемлекеттік қызметші кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салынады. Себебі, оның тапқан табысын есептеу қиындыққа әкеліп соғады. Сонымен қатар, қызметші кәсіпкерлікпен айналысса, кез келген мемлекеттік мекемелермен сыбайласу қаупі бар. Екінші ерекшелік: мемлекеттік қызметші қызмет орналасқан сәттен бастап өзіне шектеу алады. Ол шектеулердің қатарына – сайланбалы органның мүшесі болуға, мемлекеттің тұтастығына қандай да бір зардап келетін әрекеттер жасамауға, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік құпия мен мүлікті сақтау жатады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметші қызметке кіріскен сәтте ант береді. Ант берген кезден бастап оны бұзбауға міндеттенеді. Мемлекеттік қызметші қызметке конкурстық немесе сайланбалы негізде тағайындалады. Қызмет атқару барысында заңдылық, Қазақстан патриотизм, ашықтық, нәтижелілік, тиімділік, әдептілік, құқық бұзушылыққа төзбеушілік қағидаттарын берік ұстануы керек.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметті өткеру кезінде жалпыға бірдей моральдық-әдептік нормаларды сақтап, қарапайым түрде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзінде асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

**Алматы қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті.**

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Premix Plus» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағына және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес, 2024 жылдың маусым айының 14 жұлдызынан бастап 5 жұмыс күн аралығында «Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Сүйінбай даңғылы, 573/1 мекенжайындағы орналасқан «Premix Plus» ЖШС өндірістік базасына» жасалынған «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. **Бастамашы:** «Premix Plus» ЖШС БСН 210540012470. Жобалық құжаттамалар бойынша пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Ecoportal.kz) танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
**Қабылдау бөлмесі:**  
тел: 293-08-03.

Бас директордың м.а. –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**  
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –  
**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел: 293-08-12. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)  
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

**Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз**



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatau Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
[alatauaqparat@gmail.com](mailto:alatauaqparat@gmail.com)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



## ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕ

Алматыдағы Достық үйінде Орталық Азияның географиялық тарихын тақырып еткен аса ауқымды халықаралық ғылыми конференция өтіп жатыр. Кеше басталған жиында еліміздегі және аймақтағы, сондай-ақ, әлемнің алыс түкпіріндегі елдерден белгілі ғалымдар жиналған. Олар Орталық Азиядағы тарихи географиялық дәстүрлердің қалыптасуынан тартып, аймақтың тарихи көпқырлы бейнесін, әр елдегі зерттелуіне қатысты маңызды мәселелерді ғылыми талқыға салуда.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ  
КӨПҚЫРЛЫ БЕЙНЕСІҚалада ауқымды ғылыми  
конференция өтіп жатырЕстай  
БОЖАН

министрлігінің №BR21882416 бағдарламасы аясында өтіп жатқанын да айта кету керек. Ауқымды ғылыми жиынның шымылдығын ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Дархан Ахмет-Заки, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңесінің төрағасы Мұхитдин Шим-



Суреттерді түсірген Саиат СЕРІКЖАНҒҰЛЫ.

шек, аталған университет ректоры Жанар Темірбекова, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлур, Гарвард университетінің Халықаралық істер жөніндегі вице-проректоры Марк Эллиотт қатарлы ресми тұлғалар бастап ашты.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы жоғары оқу орнының ректоры Жанар Темірбекова ғылыми іс-шараның маңызына кеңірек тоқталды. Ол алғаш рет өтіп отырған жиын аймаққа қатысты тарих, география, археология және антропология сияқты салалардың тәжірибесін біріктіре отырып, Орталық Азияның өткенін тереңірек түсінуге және оның уақыт талабына сәйкестігіне ықпал ететінін атап өтті.

«Алқалы жиынға 45-тен астам ғалым шақырылды, олардың қатарында тарихшы, географтар мен Орталық Азияның жетекші сарапшылары да бар. Жалпы, 12 мемлекеттен – Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Жапония, Катар, Моңғолия, Ресей, Қытай, Түркия, Чехия, Румыния және басқа елдерден сала мамандары қатысуда. Негізгі баяндамашылардың қатарында Гарвард университетінің профессоры Марк Эллиотт және оның шәкірттері де белсене қатысқаны бізді қуантады. Білесіздер, Мемлекет басшысы ғылым саласын қаржыландыруға баса мән беріп келеді. Соған орай еліміздегі ғылыми зерттеулерге деген қызығушылық та жаңа деңгейге көтерілді. Ғалымдарымыз өздерінің

маңызды деген, жаңа да қызықты жобаларын жүзеге асыра бастады», – деді Жанар Аменгелдіқызы.

Ғылыми талқы отырысында елімізге және шетелдерге танымал тарихшы ғалым Нұрлан Кенжеахмет «Орталық Азияның тарихи географиясы: өткені мен бүгіні» атты маңызды баяндамасын жасады. Онда аймаққа қатысты тарихи карталарды мысалға келтіре отырып, аймақтағы географиялық тарихтың өзіндік дәстүрлерін, жер-су атауларының өзгерістері және дамуына қатысты шолу жасады. Ал Гарвард университетінен келген профессор Марк Эллиотт «Еуразияның тарихи географиясындағы «Жібек жолы» және өзге де тұжырымдамаларды бақылау» деген тақырыптағы баяндамасын ұсынды. Онда аймақ пен тұтас әлем тарихымен ұштастырған Жібек жолы сынды құбылыстардың маңыздылығына тоқталып, Орталық Азия тарихи географиясын зерттеуге қатысты жаңа ойларын ортаға салды.

Бұдан тыс Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан сынды елдерден келген ғалымдар да Орталық Азияның ортақ тарихына қатысты өз мемлекетіндегі ғылыми жетістіктер туралы баяндап, маңызды тарихи деректермен, жаңадан табылған тарихи құжаттармен, түрлі құнды материалдармен бөлісті. Айта кетейік, Қазақстан ғана емес, тұтас Кіндік Азияның мың жылдықтардағы тарихына түрен салған жиын бүгін де жалғасып жатыр.

## ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Жаздың жайдары шуағын күткен алматылықтар түске дейін жейдемен немесе жеңіл киіммен жүрсе, түстен кейін күртке киюге мәжбүр. Арақидік, кейде күнара жел мен жаңбыр кезектесіп көрініс беріп тұр. Мамырдың соңғы аптасында Алматының тауларында қар жауып, қалада ауа температурасы алдымен 12 градусқа, кейіннен 4 градусқа дейін төмендеді, деп жазды [turkystan.kz](http://turkystan.kz). Сол күні таңертең мегаполисте ауа райы бұлтты болды, кей жерлерде өткірші жаңбыр жауды. Таулы аймақтарға қар түсті. Әлеуметтік желіде жауған қардың видеосы тарады.

Сәрсенбек  
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Сонымен қатар, «Шымбұлақ» тау-шаңғы базасында да қар жауды. Шаңғы трассалары мен кабельді лифтерді онлайн-режимінде трансляциялайтын веб-камералар курорттық аймаққа жауып жатқан қарды көрсетті. Маусым айы келгенмен оған ілесіп жаз келмеді. Жылылық әлі тұрақтар емес. Бұл айда амал көп-ақ. «Бұлбұл торғай», «Үркердің батуы», «Әлөкүлік», бұлардың сыртында «Көкірекшал», «Құралайдың салқыны», «Аласапыран» амалдары.

Жаз басындағы алғашқы амал – «Бұлбұл торғай». Жаз торғайының келуіне байланысты осылай аталса керек. Бұрынғы кезде көктемнің басын маусым айынан есептеген ғой. Себебі, алыстан келетін құстар осы мезгілде түгел келіп болатын көрінеді. Жаздың алғашқы күні шуақты болды. Осы күнге дөп келген балалар мерекесі барынша мазмұнды да қызықты болып өтті. Бұл табиғаттың бүлдіршіндерге тартуы болды десе де болғандай.

«Жеті қаракшы» жерге жакындап, шөміші салбырамай жаз шықпайды деген де сөз бар. Аспан денелерінің арасында түрлі қозғалыс байқалады. Әзірге шөміштің төмен қарай салбырайтын түрі жоқ.

## АЛМАТЫҒА ЖАЗ ҚАШАН КЕЛЕДІ?

Жаздың алғашқы аптасы бітуде жақын,  
жылылық әлі тұрақтар емес

Маусымның алғашқы онкүндігінде «Әлөкүлік» деген амал кіреді. Ол өзімен бірге суық ала келеді. Түйелер бұл кезде ағаш жапырағын жапыра жегенде байқаусызда жапырақ астындағы «әлөкүлік» деген құртты жеп қояды да жардай болып семіріп, жүріп-тұруы қиындайды, кейде өліп қалады, сондықтан тәжірибелі малшылар бұл кезде түйелерді әлөкүлік құрты қонбайтын төменірек жерге бағады.

«Әлөкүлік» амалымен қабаттасып «Саратан-Зауза» амалы келеді. Қазақтар осы амалдан қауіптеніп, үнемі сақтанып, қамданып отырған. Тіпті, жылқыны жабулап, сиырдың астына шөп төсеген. Ол туралы келесі пайымымызда айтамыз.

«Үркер суға түссе құт, тасқа түссе жұт» деген тәмсіл бар. Сондай-ақ, үркер өзенге, көлге немесе сулы жерге түссе, жаз жаңбырлы, қырға түссе, елде құрғақшылық болады деп болжаған. Биыл үркер суға түсті. Бұл жаңбыр көп болады деген сөз. Өткен бір пайымымызда сөз еткендей, осыдан

## БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ЖАЗҒЫ БҮЛТҚА ҚАРАП  
ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- \* Бұлт желге қарай көмсе, кешікпей жаңбыр жауады.
- \* Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады.
- \* Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы түзеледі.
- \* Бұлт өркеіштеніп көтерілсе, жаңбыр жауады.
- \* Бұлт сиырдың бүйрегіндей бөлек-бөлек болса, жаңбыр жаумайды.
- \* Бұлт түйдектеліп, түнеріп Алатауға асықса, кешікпей нөсер болады.



60 жыл бұрын орын алған, атакты Сырбай ақынның жырына арқау болған жаңбырлы жаз болуы да ғажап емес...

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, маусым айының – 4-і. Ай есебімен айдың соңы – 27-сі. Қазақша (ескі есеппен) айдың 14-і. Бұрыннан жазып келе жатқанымыздай, қазакең әрбір айдың 14-ін айдың басы (бірінші күні) деп есептеген. Біз сөз етіп отырған апта айдың басын да, ортасын да және соңын да қамтып тұр. Демек, алдағы аптада ылғал көп түсуі өте ықтимал.

Қалай болғанда да, жаз басталды. Ауа райының құбылмалы болғанына қарамастан, күннің жылуы кемімесі анық. Жаздың аты – жаз ғой. Бірақ бұл жаңбыр жаумайды деген сөз емес. Алдағы аптада аптап ыстықпен бірге нөсерлі жауын, өкпек жел, салқын самал болуы, найзағай ойнап, күн күркіреуі де әбден мүмкін...